

**«BCC INVEST» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**«BCC Invest» АҚ  
Басқарма отырысының  
2024 ж. «24» сәуірдегі  
№04/24 хаттамасымен  
МАҚҰЛДАҢҒАН**

**«BCC Invest» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2024 ж. «13» мамырдағы  
№05/13 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН**

**«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы  
– «BCC Invest» АҚ-тың  
БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРУ РЕГЛАМЕНТІ**

Алматы, 2024 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	6
2. Брокерлік қызмет көрсету тәртібі.....	7
3. Брокерлік қызмет көрсетуге қабылдау тәртібі.....	9
4. Брокерлік шарттың тараптарының міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі.....	9
5. Клиенттік тапсырыстарды қабылдау.....	12
6. Телефон немесе бейнебайланыс арқылы берілген тапсырысты қабылдаған кездегі ерекшеліктер (техникалық мүмкіндік болғанда).....	14
7. Клиенттік тапсырыстарды орындау.....	16
8. Жеке кабинет арқылы берілген тапсырыстарды қабылдау.....	17
9. Бұрын берілген тапсырыстың күшін жою.....	18
10.Клиенттік бұйрықтарды қабылдау және орындау.....	18
11.Брокерлік қызмет көрсеткен кезде номиналды ұстау.....	19
12.Бағалы қағаздарға ауыртпалық салу бойынша операциялардың ерекшеліктері/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша және мұндай ауыртпалықты алып тастауды талап ету құқықтары.....	22
13.Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша бағалы қағаздарды/талап ету құқықтарын бұғаттау/бұғаттауды алып тастау бойынша операциялардың ерекшеліктері.....	23
14. Уәкілетті орган ірі қатысушының, банктік не сақтандыру холдингінің белгілері бар немесе осындай болып табылатын тұлғаларға қолданатын мәжбүрлеу шарасы ретінде қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқару мекемесінің ерекшеліктері.....	23
15.Акциялардың күшін жою, бағалы қағаздарды өтеу және жарияланған акция санын көбейту бойынша операциялардың ерекшеліктері.....	23
16.РЕПО операцияларын жүргізу ерекшеліктері.....	24
17.Дербес шотты жабу бойынша операциялар.....	24
18.Номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты ақпаратты Клиентке жеткізу.....	25
19.Ақпараттық қызмет көрсету.....	26
20.Уәкілетті орган мен Клиенттердің алдындағы Брокердің ақпараттық міндеттері.....	27
21.Брокердің лицензиясын тоқтата тұрған не одан айырған кезде әрекет ету тәртібі.....	28
22.Андеррайтинг қызметін көрсету.....	28
23.Маркет-мейкер қызметін көрсету.....	29
24.Қорытынды ережелер.....	30

## Ұғымдар мен анықтамалар

«BCC Invest» АҚ-тың Брокерлік қызметті жүзеге асыру регламентінде (бұдан әрі – Регламент) төмендегі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады. Осы тарауда көрсетілмеген ұғымдар мен шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланылып, түсіндіріледі:

**Андеррайтер** – Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қызметін көрсететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы.

**АРМ депоненті** – «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-пен жұмыс істеуге арналған бағдарлама.

**Брокер** – уәкілетті органның берген лицензиясының негізінде номиналды ұстаушы ретінде Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы болып табылатын және бағалы қағаздар нарығында Брокерлік қызметті (Клиенттің тапсырмасымен, есебінен және мүддесі үшін эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу) жүзеге асыратын «BCC Invest»АҚ.

**Брокерлік шарт** – осы Регламентке сәйкес Брокер мен оның Клиентінің арасында жасалатын Брокерлік қызмет пен номиналды ұстау қызметін (немесе онсыз) көрсету туралы шарт. Брокерлік шарт Брокердің [www.bcc-invest.kz](http://www.bcc-invest.kz) интернет-ресурсында танысу үшін орналастырылатын жария шарттың талаптарына жауап береді және Клиенттің шарттың талаптарына қосылу туралы өтініш беруі арқылы жасалады.

**КЖ/ТҚК туралы ІНҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл рәсімдерін сақтау мақсатында қабылданған Брокердің ішкі нормативтік құжаттары.

**Ішкі нормативтік құжаттар** – Брокердің, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің, жұмыскерлерінің қызметін жүргізу, қызмет көрсету талаптары мен тәртібін және оларға ақы төлеу тәртібін реттейтін Брокердің құжаттары.

**Бағалы қағазды ұстаушы** – бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген, бағалы қағаздарға қатысты құқықтары бар тұлға, сондай-ақ пай ұстаушылары инвестициялық пай қоры активтерінің құрамына кіретін бағалы қағаздарға қатысты ортақ үлестік меншік құқығында ие инвестициялық пай қоры.

**Тіркелген тұлға** – бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыны есепке алу жүйесінде ашылған дербес шоты бар тұлға.

**Брокердің интернет-ресурсы** – Интернет желісінде [www.bcc-invest.kz](http://www.bcc-invest.kz) мекенжайы бойынша электрондық ақпараттық ресурс.

**Кастодиан** – Клиенттердің қаржы құралдары мен ақшасының есебін жүргізетін және оларға қатысты құқықтарды растайтын, Клиенттердің құжаттамалық қаржы құралдарын сақтайтын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес оларды сақтау міндеттемелерін өзіне қабылдау арқылы және өзге де қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы.

**Клиент** – жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкер немесе Брокердің қызметін пайдаланатын немесе пайдалануға ниетті заңды тұлға. Бұл ретте Брокердің қызметін пайдалануға ниеті бар тұлға ретінде Брокерде КҮС рәсімінен толық өткен тұлға танылады.

**Комплаенс-рәсімдер** – Брокердің осы талаптарды сақтамауы салдарынан шығыс (шығын) туындау тәуекелін басқару мақсатында Брокердің қызметінің ҚР заңнамасының, сондай-ақ ішкі құжаттардың талаптарына сәйкестігін бақылау бойынша шаралар мен саясаттар жиынтығы.

**Контрсеріктес**–ҚР немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу құқығы бар заңды тұлға.

**Мүдделер қақтығысы** – Брокер мен оның Клиентінің мүдделері сәйкес келмейтін жағдай.

**Клиенттің дербес шоты** – Брокердің номиналды ұстауын есепке алу жүйесінде қамтылған және мәмілелерді тіркеу және эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарына қатысты құқықтардың есебін жүргізу мақсатында тіркелген тұлғаны біржақты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы.

**Номиналды ұстаушының дербес шоты** – номиналды ұстаушыға ашылған және оның Клиенттерінің бағалы қағаздарын (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есепке алуға арналған дербес шот.

**Сатып алынған бағалы қағаздардың есебін жүргізу үшін эмитенттің дербес шоты** – номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде эмитентке ашылған дербес шот, ол бойыншапайды қоспағанда, бағалы қағаздардың қайталама нарығында эмитент сатып алған бағалы қағаздардың есебі

«BCC Invest» АҚ  
Брокерлік қызметті жүзеге асыру регламенті  
жүргізіледі.

**Жарияланған бағалы қағаздардың есебін жүргізу үшін эмитенттің дербес шоты** – номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде эмитентке ашылған дербес шот, ол бойыншапайды қоспағанда, орналастырылмаған бағалы қағаздардың есебі жүргізіледі.

**Лицензия** – уәкілетті органның берген және Брокерге бағалы қағаздар нарығында қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруға құқық беретін құжат.

**Жеке кабинет** – <https://bcctrade.kz> web-сайтында немесе сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестің web-сайтында орналастырылған Брокердің сауда платформасындағы интерактивті сервис, сондай-ақ Брокердің атынан немесе App Store және Google Play сауда платформасына қолжетімділік беру бойынша серіктестің атынан орналастырылған Брокердің мобильді платформалары, ол арқылы Клиент тапсырмаларды, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып енгізеді және береді, дербес шот, портфельдің жай-күйін, қаржы құралдары мен олардың бағалары туралы, қор биржасындағы және (немесе) халықаралық бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттықтың барысы мен нәтижесі туралы ақпаратты, есептер мен меншікті мәмілелер тарихын және Сауда платформасының функционалында көзделген өзге де ақпаратты алады.

**Бағалы қағаздар нарығында манипуляциялау** – қаржы нарығы субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде белгіленгеннен жоғары немесе төмен бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының, оның ішінде шетелдік валюталар мен туынды қаржы құралдарының бағаларын (бағамдарын) белгілеуге және/немесе қолдауға, бағалы қағазбен немесе өзге де қаржы құралымен сауда жасау көрінісін жасауға, инсайдерлік ақпаратты пайдаланып мәміле жасауға бағытталған іс-әрекеттері.

**Маркет-мейкер** – «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ ретінде танылған және өзіне белгілі бір үлгідегі қаржы құралдары бойынша екіжақты баға белгілеуді үнемі жаңартып отыруға және қолдауға міндеттеме алған және осындай мәртебеге ие болудан туындайтын барлық міндетті орындайтын ұйым.

**Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN)** – орталық депозитарий бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын сәйкестендіру және есебін жүйелеу мақсатында тағайындайтын әріптік-цифрлық код.

**«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО)** – Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын дәл белгіленген шекарасы бар, ерекше құқықтық режим қолданылатын Астанақаласының шегіндегі аумақ.

**Бағалы қағаздарды номиналды ұстау** – бағалы қағаздарды ұстаушылардың атынан және есебінен номиналды ұстау шартына сәйкес не Бағалы қағаздар нарығы туралы заңға сәйкес белгілі бір заңды әрекеттер жасау, сондай-ақ бағалы қағаздарға қатысты құқықтарды есепке алу және растау және ұстаушылардың бағалы қағаздармен мәмілелерін тіркеу.

**Ауыртпалық** – азаматтық-құқықтық мәміле негізінде туындаған, бағалы қағаздарды ұстаушының/эмитенттің басқа тұлғалардың алдындағы эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын қамтамасыз ету үшін эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша бағалы қағаздармен/талап ету құқықтарымен мәмілелер жасасуға шектеу қою.

**Қоғам** – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы – «BCC Invest» АҚ.

**Операциялық күн** – Брокер клиенттік тапсырыстар мен бұйрықтарды қабылдайтын, өңдейтін, дербес шоттар бойынша операцияларды және Клиенттердің ақпараттық операцияларын тіркейтін уақыт кезеңі.

**Номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі операция** – номиналды ұстаушының әрекеттерінің жиынтығы, номиналды ұстауды есепке алу жүйесіне деректерді енгізу (жүйедегі деректерді өзгерту) және/немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесін құрайтын ақпаратты дайындау және ұсыну оның нәтижесі болып табылады.

**РЕПО операциясы** – тараптары екі бірдей тұлғалар болып табылатын («РЕПО» операциясына қатысушылар), «РЕПО» операциясының мәні бір шығарылымның бағалы қағаздарымен жасалған орындалу мерзімі бойынша ерекшеленетін және бағыттары бойынша бір-біріне қарама-қарсы, бір уақытта жасаған екі мәміленің жиынтығы.

**Сауда-саттықты ұйымдастырушы** – қор биржасы немесе биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының баға белгілеу ұйымы.

**Бұйрық/тапсырыс** – Клиенттің Брокерге беретін құжаты, ондаөзіне тиесілі қаржы құралдарына немесе қаржы құралдарын сатып алуға арналған ақшаға қатысты белгілі бір әрекет жасауға нұсқау

ҚАМТЫЛҒАН.

**Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы** – бағалы қағаздар нарығында өз қызметін лицензияның негізінде не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүргізетін заңды тұлға.

**КҮС рәсімі** – «Өз Клиентіңді таны» (Know Your Client, немесе КҮС) – Брокерлік шарт (номиналды ұстау туралы шарт) жасамас бұрын әр ықтимал Клиент үшін міндетті рәсім, оған сай Клиент Брокер белгілеген тізім бойынша құжаттарды ұсынады және осындай Клиентті тиісті тексеруді қамтамасыз ететін КҮС рәсімінен өтеді. Аталған тексеру қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында бекітілген және қолданыстағы КЖ/ТҚҚ туралы ІНҚ-ға сәйкес, сондай-ақ FATCA талаптарын орындау мақсатында жүргізіледі.

**ҚР** – Қазақстан Республикасы.

**Сертификат** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығының жабық кілтімен қалыптастырылған, түпнұсқалығы ЭЦҚ-мен куәландырылған қосымша ақпаратпен бірге ашық кілт. Жылдық және уақытша сертификатқа бөлінеді: бастапқы сәйкестікті тексеру рәсімінен сәтті өткен Клиент жылдық сертификатты өз бетінше қалыптастыру үшін пайдаланатын шектеулі қысқа мерзімді бастапқы инициализация сертификаты.

**Ішкі бақылау жүйесі** – рәсімдер мен саясаттар жиынтығы, ол Брокердің тиімділіктің ұзақ мерзімді мақсаттарын іске асыруын және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасын, Брокердің саясаттарын, ішкі ережелері мен рәсімдерін сақтауға, Брокердің шығын тәуекелін немесе беделтәуекелін азайтуға ықпал ететін қаржылық және басқарушылық есептіліктің сенімді жүйесін қолдауды қамтамасыз етеді.

**Номиналды ұстауды есепке алу жүйесі** – Брокер номиналды ұстау қызметін көрсеткен кезде оның есепке алу жүйесі, онда бағалы қағаздарды ұстаушылар және оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы мәліметтер қамтылған, оларды белгілі бір уақытқа сәйкестендіруді, бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді, сондай-ақ осы бағалы қағаздар бойынша айналысқа немесе құқықтарды жүзеге асыруға тіркелген шектеулердің сипатын қамтамасыз етеді, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге мәліметтер қамтылған.

**Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесі** – депозитарлық қызметті жүргізген кезде орталық депозитарий қалыптастыратын мәліметтер жиынтығы.

**AIX CSD есепке алу жүйесі** – депозитарлық қызметті жүргізген кезде AIX CSD қалыптастыратын мәліметтер жиынтығы.

**Қор биржасының сауда жүйесі** – материалдық-техникалық құралдар, қор биржасының ішкі құжаттары және өзге де қажетті активтер мен рәсімдер кешені, оларды пайдаланып осы қор биржасының мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалады.

**Уәкілетті орган** – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган.

**Қаржы құралы** – ақша, бағалы қағаздар, туынды бағалы қағаздарды, туынды қаржы құралдары мен басқа да қаржы құралдарын қоса алғанда, олармен операциялардың нәтижесінде бір ұйымда қаржы активі және екіншісінде қаржылық міндеттеме немесе үлестік құрал пайда болады.

**Қор биржасы** – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы, қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыратын және техникалық қамтамасыз ететін және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін заңды тұлға.

**Орталық депозитарий (ОД)** – «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы, депозитарлық қызметті, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу қызметін, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүргізетін мамандандырылған коммерциялық емес акционерлік қоғам.

**KASE** – «Қазақстан қор биржасы» АҚ.

**FATCA** – америкалық салық төлеушілердің (заңды және жеке тұлғалардың) АҚШ-тан тыс қаржы институттары мен оффшорлық құрылымдарды пайдаланып, инвестициялаудан түскен кірісін АҚШ-қа салық салудан жалтаруына жол бермеуге бағытталған АҚШ-тың «Шетелдік шоттарды салықтық бақылау туралы» Заңы.

**AIX CSD** – АХҚО заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыратын «Астана» халықаралық биржасының бағалы қағаздардың орталық депозитарийі.

**Электрондық құжат** – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және екі факторлы аутентификацияны (қажет болғанда) қолдай отырып, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы

**Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігі мен мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

## 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Регламенттің мақсаты – Брокерлік шарттың негізінде номиналды ұстаушы ретінде Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен және/немесе номиналды ұстаушы ретінде Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз бағалы қағаздар нарығында Брокерлік қызметті жүргізу тәртібі мен шарттарын сипаттау, сондай-ақ Қоғамда қаржы құралдарымен операциялар жүргізу тәртібін сипаттау.
- 1.2. Осы Регламенттің талаптары номиналды ұстаушы ретінде Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен және номиналды ұстаушы ретінде Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз бағалы қағаздар нарығында Брокерлік және дилерлік қызметті жүргізуге қатысатын Қоғам жұмыслерінің қызметіне қолданылады.
- 1.3. Осы Регламент ҚР Азаматтық кодексіне, ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарына, ҚР өзге де заңнамалық актілеріне, бағалы қағаздар нарығын реттейтін және қадағалайтын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушылардың және өзін-өзі реттейтін ұйымдардың ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Қоғамның номиналды ұстаушы ретінде Клиенттердің шоттарын, номиналды ұстау операцияларын жүргізу құқығымен Брокерлік және дилерлік қызметті жүргізу, сондай-ақ Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің өзара әрекет ету шарттары мен тәртібін белгілейді.
- 1.4. Осы Регламенттің нормалары олардың ауызша көрінісінің тура мағынасына сәйкес түсіндірілуге тиіс. Осы Регламенттің мәтінінде қолданылатын сөздерді әртүрлі түсіну мүмкін болса, осы Регламентте тиісті ережелер болмаса немесе олардың ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келсе, ҚР қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес келетін ұғымға басымдық беріледі.
- 1.5. Шетелдік жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар осындай құқықтар алуға құқылы және Қоғам қызмет көрсеткен кезде ҚР азаматтары мен заңды тұлғалары үшін осы Регламентте көзделген міндеттерді орындауға міндетті.
- 1.6. Брокердің ҚР аумағындағы басқа номиналды ұстаушыларға оларға номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты номиналды ұстау қызметін көрсетуге құқығы жоқ.
- 1.7. Брокерге тиесілі қаржы құралдары мен ақша оның Клиенттерінің қаржы құралдары мен ақшасынан бөлек есепке алынады. Осы мақсатта Брокер өзіне және оның Клиенттеріне тиесілі қаржы құралдары мен ақшаны Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің банктерінде, филиалдарында және/немесе бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде және/немесе кастодиандарда (тек шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздары бойынша) және/немесе клиринг ұйымдарында және/немесе есеп айырысу ұйымдарында және/немесе шетелдік есеп айырысу ұйымдарында бөлек есепке алуға және сақтауға арналған бөлек дербес шоттар (қосалқы шоттар) және банктік шоттарын ашады.
- 1.8. Кастодиан-банктің (шетелдік депозитарийлерде шоты бар) есепке алу жүйесінде Брокер кастодиан-банктің ішкі құжаттарында айқындалған құжаттардың негізінде ҚР бағалы қағаздар нарығында айналысқа жіберілмеген шетелдік бағалы қағаздарға немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сай шығарылған қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарына қатысты номиналды ұстау қызметін көрсеткен кезде дербес шот ашылады.
- 1.9. Бизнес-процестің жұмыс істеуін қамтамасыз етпегені, қолданыстағы бизнес-процестердің Регламенттің талаптарына және ҚР заңнамасына сәйкестігіне мониторинг жүргізгені үшін бизнес-процесті орындайтын құрылымдық бөлімше жауапкершілік көтереді.
- 1.10. Қоғамның құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен жұмыскерлері осы Регламент пен ҚР заңнамасының талаптарын уақтылы және/немесе сапасыз сақтағаны үшін жауапкершілік көтереді.
- 1.11. Бағалы қағаздар нарығында Брокерлік қызметті жүргізу мақсатында Қоғамда мынадай құрылымдық бөлімшелер жұмыс істейді:
  - Фронт-офис бөлімшелері, олардың функцияларына Брокердің жаңа Клиенттерін тарту, өнімдерді корпоративтік, бөлшек сауда Клиенттеріне және агенттер арқылы сату, сондай-ақ қазір бар Клиенттермен байланысты сақтау (оның ішінде ағымдағы Клиенттерге

- қызмет көрсету)кіреді;
- Мидл-офис бөлімшесі, оның функцияларына Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне Клиенттердің операцияларын басқару мәселелері бойынша қолдау көрсету, Брокердің клиенттік базасы деректерінің сақталуын, құпиялылығын және толықтығын қамтамасыз ету кіреді;
  - Бэк-офис бөлімшесі, оның функцияларына Клиенттердің операцияларын есепке алу, құжаттамалық/электрондық ресімдеу және Клиенттердің мәмілелері мен операцияларын орындау (есептеу) кіреді;
  - Сауда бөлімшесі, оның функцияларына қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу кіреді.
- 1.12. Фронт-офис, мидл-офис, сауда бөлімшесі жұмыскерлерінің бэк-офис құзыретіне жататын функциялар мен міндеттерді жүзеге асыруына, сондай-ақ Брокердің бөлімшелерінің бірінің жұмыскерлерінің құқықтары мен өкілеттіктерін басқа бөлімшенің жұмыскерлеріне өткізуге (беруге) жол берілмейді.
- 1.13. Осы Регламент электрондық қызметтер туралы ІНҚ-ға қайшы келмейтін бөлігінде Брокердің электрондық қызметтерді көрсетуіне қолданылады.
- 1.14. Осы Регламент Брокердің меншікті активтерін инвестициялау жөніндегі ІНҚ регламенттейтін Брокердің дилерлік қызметін жүргізу тәртібін сипаттамайды және оған қолданылмайды.

## **2. Брокерлік қызмет көрсету тәртібі**

- 2.1. Брокерлік қызметтер деп Клиенттің тапсырысы бойынша, есебінен және мүддесі үшін, Клиент берген және Брокер орындауға қабылдаған клиенттік тапсырыстардың негізінде Брокердің бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу қызметі түсініледі. Брокер Брокерлік шарттың негізінде қызмет көрсетеді.
- 2.2. Клиентпен Брокерлік шарт жазбаша нысанда, оның ішінде жария шартқа қосылу туралы жазбаша өтініштің нысанында, Брокер ҚР заңнамасында және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы АХҚО ережелерінде және КЖ/ТҚҚ туралы ІНҚ-да көзделген тиісінше тексеру бойынша шаралар қабылдағаннан кейін жасалады.
- 2.3. Брокерлік шарт жасасқан кезде Клиент Брокерге КЖ/ТҚҚ туралы ІНҚ-ға сәйкес қажетті құжаттарды береді.
- 2.4. Брокерлік шартта Брокерлік қызметті және/немесе номиналды ұстаушының қызметін көрсету талаптары мен тәртібі, сондай-ақ тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі қамтылады.
- 2.5. Тараптардың келісімі бойынша Брокерлік шартқа Брокердің бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес электрондық қызметтер көрсету тәртібі қосылады.
- 2.6. Клиент Брокерлік шартқа қол қоя отырып, өзінің дербес деректерін ашуға келісім беретінін немесе дербес деректері өзі Брокерге берген құжаттарда болуы мүмкін жеке тұлғалардың дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және ашуға келісім алғанын растайды.
- 2.7. Осы Регламенттің мақсатында дербес деректерді өңдеу, сонымен қатар оларды жинауды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), пайдалануды, иесіздендіруді, бұғаттауды және жоюды, сондай-ақ ҚР заңнамасында белгіленген аяда дербес деректерді үшінші тұлғаларға таратуды (беруді) білдіреді. Клиенттің дербес деректерін өңдеудің мақсаты – Брокердің Клиентке онымен жасалған Брокерлік шартта көзделген қызметті көрсетуі. Клиенттің аталған келісімі Брокерге белгісіз мерзімге берілген болып саналады.
- 2.8. Брокер Клиентке төмендегі қызметтерді көрсетеді:
- 2.8.1. Клиентке инвестициялық шешімдер қабылдау үшін қажет ақпаратты ұсыну;
  - 2.8.2. Клиентке қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беру;
  - 2.8.3. ықтимал ақпараттық, талдау және кеңес беру қызметтері (Клиенттің сұратуымен);
  - 2.8.4. андеррайтинг қызметі;
  - 2.8.5. маркет-мейкер қызметі;
  - 2.8.6. акцияларды орналастыру (IPO) бойынша сүйемелдеу және Клиентке кеңес беру;
  - 2.8.7. бағалы қағаздар шығару бойынша Клиентті сүйемелдеу;
  - 2.8.8. номиналды ұстаушы ретінде Брокер төмендегі қызметтерді көрсетеді:
    - 1) Клиенттің бағалы қағаздарын есепке алу және осы бағалы қағаздармен мәмілелер жасасқан кезде олардың болуын қамтамасыз ету;

- 2) Клиенттің бағалы қағаздарымен мәмілелерді тіркеу;
  - 3) Клиенттің бағалы қағаздар бойынша құқықтарын растау;
  - 4) номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздармен мәмілелер жасасқан кезде Клиенттің мүдделерін білдіру;
  - 5) номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты ақпаратты Клиенткежеткізу;
  - 6) Брокердің атқарушы органы бекіткен нысандар бойынша жүргізілген операциялар туралы есеп беру;
  - 7) бағалы қағаздарды ұстаушылардың, орталық депозитарийдің, эмитенттердің және уәкілетті органның сұратулары бойынша басқа да есептерді дайындау және беру;
  - 8) ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметтер.
- 2.9. Клиентке эмиссиялық бағалы қағаздарды андеррайтер ретінде шығару және орналастыру қызметін көрсеткен кезде Брокердің осы Клиенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі болуға құқығы жоқ.
- 2.10. Шартты жасасу және орындау барысында Брокер ықтимал мүдделер қақтығысы туралы және мүдделер қақтығысының туындау фактілері туралы Клиентке хабарлайды. Брокер Клиентке қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға, егер мұндай мәмілені орындау мүдделер қақтығысына әкелсе, кеңес бермейді.
- 2.11. Осы Регламенттің 2.10-тармағында белгіленген талапты бұзған жағдайда, Брокер Клиентке осындай бұзушылықтың нәтижесінде келтірілген шығынды және Брокерлік шартта белгіленген тұрақсыздық айыбын төлейді.
- 2.12. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, Брокер Клиенттің мүдделерінің өз мүдделерінен басымдығын негізге ала отырып, қаржы құралдарымен мәміле жасайды.
- 2.13. Брокер өз Клиенттеріне қаржы құралдарына салынған инвестициялардың кіріс әкелетініне мен қайтарылатынына кепілдік бермейді және Клиенттердің операциялары мен мәмілелерінің, оның ішінде Брокердің ұсынымдары бойынша жүзеге асырылатын және жүргізілетін операциялар мен мәмілелердің нәтижесі үшін жауапкершілік көтермейді.
- 2.14. Брокерлік қызметті жүргізу аясында Брокерді есепке алу жүйесіндегі дербес шоттардағы өз Клиенттерінің ақшасын өз мүддесі үшін немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін қарыз түрінде тартуға Брокердің құқығы жоқ. Осы талап РЕПО операцияларына қолданылмайды.
- 2.15. Шартты жасасу және орындау барысында Брокер өз Клиенті туралы мәліметтердің құпиялылығын, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттен алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.
- 2.16. Брокердің Брокерлік қызмет көрсету тәртібі осы Регламентпен, ішкі құжаттармен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға және тіркеуге қатысатын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және банктердің ішкі құжаттарымен реттеледі.
- 2.17. Брокер осы Регламентке, сондай-ақ Брокерлік шарттардың үлгілік нысандарына және Брокерлік қызмет көрсету нысандарына біржақты тәртіппен түзетулер енгізуге және оларды Брокердің интернет-ресурсында осындай түзетулерді (оның ішінде Регламентті жаңа редакцияда) жариялау арқылы немесе олар туралы Клиентке Брокердің қалауы бойынша өзге де тәсілдермен хабарлау арқылы танысу үшін Клиенттерге ұсынуға құқылы.
- 2.18. Брокерлік қызмет көрсету мақсатында Брокер Брокерлік шарттардың, оның ішінде жария шарттардың, сондай-ақ жария шартқа қосылу туралы өтініштердің үлгілік нысандарын жасақтап, оны пайдалана алады. Аталған үлгілік нысандар ҚР заңнамасының және АХҚО ережелерінің талаптарын ескере отырып әзірленеді, Брокердің атқарушы органы бекітеді және Брокердің интернет-ресурсында орналастырылуы мүмкін.
- 2.19. Брокер Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Брокерлік шарттың талаптарын, оның ішінде Брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау қызметін көрсетуге арналған тарифтерді біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Бұл ретте Брокерлік шарттың өзгертілген үлгілік нысаны және (немесе) жаңа тарифтер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Брокердің [www.bcc-invest.kz](http://www.bcc-invest.kz) интернет-ресурсында орналастырылады. Брокер қосымша телефон байланысы және/немесе электрондық пошта арқылы тарифтердің өзгергені туралы Клиенттерге хабарлауға құқылы.

### **3. Брокерлік қызмет көрсетуге қабылдау тәртібі**

- 3.1. Брокердің ықтимал Клиенті Брокерлік шарт жасасқанға дейін міндетті түрде ҚР заңнамасына



- және КЖ/ТҚҚ туралы ІНҚ-ға сәйкес, сондай-ақ FATCA талаптарын орындау үшін тиісінше тексеруді қамтамасыз ететін рәсімдерден өтеді. Жеке тұлға Клиентпен Брокерлік шарт жасасқан кезде Брокер осы Клиент ұсынған мәліметтердің негізінде осындай Клиенттің салық резиденттігін белгілейді.
- 3.2. Ықтимал Клиент тиісінше тексеруден өткеннен кейін және жеке тұлға Клиенттің салық резиденттігі белгіленгеннен кейін, Брокер онымен Брокерлік шарт жасасуға, ал Клиент Брокерден номиналды ұстаушының қызметін алуға ниет білдірген кезде – оған дербес шот ашуға құқылы.
  - 3.3. Номиналды ұстаушы ретінде шоттарды жүргізу құқығымен Брокерлік шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік үш күннің ішінде және дербес шотты ашу үшін талап етілетін құжаттар болған кезде Брокер Клиентке Брокердің номиналды ұстауын есепке алу жүйесінде дербес шотты және Брокер өз қызметін жүргізген кезде өзара әрекет ететін ОД, АIX CSD есепке алу жүйесінде Клиенттің қосалқы шотын ашады. Брокер Клиентке шетелдік бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметін көрсеткен кезде Клиенттің дербес шоты кастодиандарды есепке алу жүйелерінде және (немесе) клиринг ұйымдарында және (немесе) Брокер өз қызметін жүргізген кезде өзара әрекет ететін есеп айырысу ұйымдарында және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымдарында ашылады.
  - 3.4. Клиентті қызмет көрсетуге қабылдау үшін Брокер талап ететін құжаттардың тізбесі, сондай-ақ олардың нысаны ҚР заңнамасында, КЖ/ТҚҚ туралы ІНҚ-ға, сондай-ақ FATCA талаптарында айқындалады.
  - 3.5. Дербес шотты ашу үшін Брокер талап ететін құжаттар тізбесіне өзгерістер енгізілген жағдайда, ҚР заңнамасының өзгеруіне не КЖ/ТҚҚ туралы ІНҚ-ға тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда, Клиентке қызмет көрсеткен кезеңде Брокер Клиенттен қосымша қажетті құжаттарды сұратуға құқылы. Бұл ретте Клиентке жіберілетін қажетті құжаттарды ұсыну туралы сұрату тәсілін, сондай-ақ мұндай құжаттарды ұсыну мерзімдері мен тәртібін Брокер өз бетінше айқындайды.
  - 3.6. Қосымша зерттеулерсіз Брокердің Клиент немесе оның уәкілетті тұлғасы ресімдеген және ұсынған құжаттардың жарамдылығы мен заңдылығына сүйенуге құқығы бар. Брокер Клиентпен электрондық түрде Брокерлік шарт жасасқан кезде, Клиент 3.4-тармақта көзделген құжаттардың электрондық көшірмелерін немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін және оның жеке сәйкестендіру нөмірін, егер өзгесі Брокердің КЖ/ТҚҚ туралы ІНҚ-сына және FATCA талаптарына қайшы келмесе, ұсынады.
  - 3.7. Брокерге Клиент не оның уәкілетті тұлғасы дербес шот ашу үшін ұсынатын құжаттар мен ақпарат толық, өзекті, жарамды және анық болуға тиіс. Клиент немесе оның уәкілетті тұлғасы толық емес, дәл емес, анық емес ақпаратты немесе жарамсыз құжаттарды беруі салдарынан Брокердің қызмет көрсетуіне және/немесе көрсеткен қызметінің теріс нәтижесіне байланысты Клиент толық жауапкершілікті және тәуекелді көтереді.

#### **4. Брокерлік шарт тараптарының міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі**

- 4.1. Регламент Брокер мен Клиенттің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ жауапкершілікті көздейді.
- 4.2. Брокер келесілерге:
  - 4.2.1. өз тарифтеріне сай сыйақы алуға;
  - 4.2.2. Клиент Брокерлік шартта көзделген міндеттер мен міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Брокерлік шарттың орындалуын тоқтата тұруға;
  - 4.2.3. қаржы құралдарымен операцияларды жүргізген кезде Клиенттен қажетті қосымша ақпаратты талап етуге;
  - 4.2.4. акцептсіз тәртіппен Брокерлік шарт бойынша сыйақы сомасын, шығыс сомасын, Брокерлік шарт бойынша тұрақсыздық айыбын, ағымдағы және/немесе мерзімі өткен берешек сомасын, сондай-ақ Клиенттің ақшасын есепке алу үшін ашылған Клиенттің шотынан Брокерлік шарт бойынша Клиент төлеуге тиіс өзге де соманы бұғаттауға, есептен шығаруға құқылы.  
Клиенттің шотында шартқа сәйкес сыйақы, комиссиялар, шығыс пен тұрақсыздық айыбын төлеу міндеттемелерін, сондай-ақ Брокердің алдындағы Клиенттің ағымдағы/мерзімі өткен берешегінің сомасын орындау үшін қажетті ұлттық валютадағы ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Брокер Клиенттің шотындағы кез келген шетел валютасындағы ақшаны кейіннен ұлттық валютаға айырбастап, осы

төлемдерді жабу үшін жеткілікті сомада бұғаттауға құқылы. Брокердіналдындағы Клиенттің міндеттемелерін орындау үшін шетел валютасын бұғаттаған кезде бұғатталуға тиіс сома аталған бұғаттау жүргізілген күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша есептеледі.

Брокер комиссиялық сыйақы сомасын, шеккен шығысты, тұрақсыздық айыбын, ағымдағы және/немесе мерзімі өткен берешек сомасын және есептен шығаруға жататын өзге де соманы акцептісіз біржақты тәртіппен есептен шығарған кезде, егер Клиенттің шотында осы Шартқа сәйкес жоғарыда аталған міндеттемелерді орындау үшін қажетті ұлттық валютадағы ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Брокер Клиенттің шотындағы кез келген шетел валютасынан осы төлемдерді жабу үшін жеткілікті сомада ақшаны ұлттық валютаға айырбастау арқылы біржақты тәртіппен есептен шығаруға құқылы. Осы айырбастау жүргізілген күнгі кастодиан банктің бағамы бойынша айырбасталады. Осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес ақшаны бұғаттаған күн мен айырбастаған күннің арасында туындаған айырбастауға арналған шетел валютасына қатысты теріс бағамдық айырма туындаған жағдайда, айырма сомасы бұғатталады және қажет болған кезде Брокер Клиенттің шотындағы басқа сомадан айырбастайды. Ақшаны бұғаттаған күн мен айырбастаған күннің арасында туындаған айырбастауға арналған шетел валютасына қатысты оң бағамдық айырма туындаған жағдайда, айырма сомасы Клиенттің ұлттық валютадағы шотына есептеледі;

4.2.5. кеңес беру, талдау және ақпараттық қызмет көрсетуге;

4.2.6. соңғы 12 (он екі) айдың ішінде бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) болмаған және есеп үшін Клиенттің шотында 1000,0 (бір мың) теңгеден аспайтын мөлшердегі сома немесе шетел валютасындағы ақша сомасының қалдығын Брокердің кіріс шотына жатқызып, баламалы сома болған кезде Клиенттің дербес шотын жабуға құқылы;

4.2.7. Брокерлік шартта және ҚР заңнамасында көзделген өзге де құқықтар.

#### 4.3. Брокер:

4.3.1. Брокерлік шарттың және ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Клиенттің қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға және операциялар жүргізуге;

4.3.2. тапсырыс/бұйрық бағалы қағаздар нарығында манипуляциялауға жол бермеу бойынша талаптарға және КЖ/ТҚҚ заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, сот және мемлекеттік органдар мен уәкілетті тұлғалардан хабарланған жағдайда Клиенттің тапсырыстарын/бұйрықтарын орындауды тоқтата тұруға немесе орындамауға;

4.3.3. қаржы құралдарымен мәміле жасасқан кезде клиенттік тапсырысты барынша жақсы орындау үшін барлық мүмкін күш-жігерін жұмсауға міндетті. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, Брокер Клиенттің мүдделерінің өз мүдделерінен басымдығын негізге ала отырып, қаржы құралдарымен мәміле жасауға міндетті;

4.3.4. қаржы құралдарымен мәмілелер жүргізуге кедергі келтіретін, Брокерге белгілі болған барлық мән-жайлар туралы Клиентке хабарлауға;

4.3.5. егер мұндай мәмілені орындау мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқтырса, Клиентке қаржы құралдарымен мәміле жасау туралы ұсынымдар бермеуге, мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндіктері мен фактілері туралы Клиентке хабарлауға;

4.3.6. Брокерлік шартта айқындалатын тәртіппен клиенттік тапсырыстың орындалғаны/ орындалмағаны туралы есептерді Клиентке ұсынуға;

4.3.7. Брокерлік шартқа сәйкес жасалған немесе жасалуы жоспарланатын және оған қатысты ҚР заңнамасында осындай мәміле жасалған немесе Брокер мұндай мәмілені жасасудан бас тартқан күннен кейінгі күннен кешіктірмей шектеулер мен ерекше талаптар белгіленген қаржы құралдарымен жасалған мәміле туралы уәкілетті органға хабарлауға;

4.3.8. Клиенттің дербес шоты бойынша номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде қамтылған ақпаратты сақтауға;

4.3.9. ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Клиенттің дербес шоты бойынша өзгерістер енгізуге;

4.3.10. Од және эмитенттің талап етуімен бағалы қағаздары оның номиналды ұстауында болатын Клиент туралы мәліметтерді ұсынуға;

4.3.11. эмитент жіберетін инвестициялық кірісті алуға және оны Клиенттің дербес шотына

- аударуға;
- 4.3.12. Клиентке тиесілі қаржы құралдары бойынша кіріс алғаны туралы Клиентке хабарлауға;
- 4.3.13. Брокерлік шартқа сәйкес тарифтердің өзгергені туралы Клиентке хабарлауға міндетті.
- 4.4. Клиент:
- 4.4.1. Брокерден Брокерлік шартта және ҚР заңнамасында көзделген міндеттерді орындауды талап етуге;
- 4.4.2. Брокерден өзінің дербес шотының жай-күйі туралы ақпарат алуға;
- 4.4.3. Брокермен жасалған бөлек келісімнің негізінде Брокерден қосымша қызметтер алуға;
- 4.4.4. ҚР заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды іске асыруға құқылы.
- 4.5. Клиент:
- 4.5.1. қаржы құралдарымен мәмілелер жүргізуге байланысты Брокердіңшығысын, сондай-ақ Брокерлік шартта айқындалатын тәртіппен және талаптарда сыйақы төлеуге;
- 4.5.2. мәміле бойынша салық пен төлемді, оның ішінде Брокерге және қызмет көрсететін үшінші тұлғалардың комиссиясына сыйақыны, сондай-ақ ҚР заңнамасында белгіленген кез келген төлемді қоса алғанда, берілген клиенттік тапсырыстарға/бұйрықтарға сәйкес олармен мәмілелер жасауға және операциялар жүргізуге қажет қаржы құралдарының болуын қамтамасыз етуге;
- 4.5.3. Брокерлік шартқа сәйкес Брокерге берілген қаржы құралдарының кез келген төлемнен, кепілден, ауыртпалықтан немесе ұстап қалудан бос екеніне кепілдік беруге;
- 4.5.4. өзінің сауалнамалық деректерінің өзгергені туралы Брокергеосындай өзгерістер болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмеген мерзімде, оның ішінде Брокердің ішкі құжаттарына сәйкес талап етілсе, Брокер белгілеген нысан бойынша бұйрықтарды жіберіп, жазбаша хабарлауға;
- 4.5.5. қаржы құралдарымен мәмілелерді жасасу үшін және дербес шот бойынша операциялар жүргізу үшін барлық қажетті құжатты уақтылы ұсынуға;
- 4.5.6. Клиентке көрсетілген қызметке не Брокерлік шарт бойынша кез келген рұқсат етілген әрекетке қатысты немесе оның нәтижесінде жанама немесе тікелей есептелген кез келген салықты қосқанда, қандай да бір себеппен Брокердің шеккен шығынын, міндеттемелерді немесе шығысты Брокерге өтеуге, оған аталған төлем, міндеттемелер, шығыс немесе шығын Брокердің кінәсінен оның жұмыскерлерінің ұқыпсыздығы немесе міндеттемелерді қасақана орындамауы нәтижесінде туындаған жағдайлар қосылмайды;
- 4.5.7. Брокерден Брокерлік шарт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдауға;
- 4.5.8. Брокерді Клиенттің тапсырысын/бұйрығын орындау бойынша үшінші тұлғаның алдында Клиенттің өзіне қабылдаған міндеттемелерінен босатуға міндетті;
- 4.5.9. Брокерлік шартта және ҚР заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.
- 4.6. Брокерлік шарттың тараптары мына жауапкершілікті көтереді:
- 4.6.1. Брокерлік шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тараптар ҚР заңнамасына, АХҚО ережесіне (егер қолданылса) және Брокерлік шартқа сәйкес жауапкершілік көтереді;
- 4.6.2. Клиентке қаржы құралдарымен мәміле жасау туралы ұсынымдар берілген жағдайда, егер мұндай мәміле жасау мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқтырса, сондай-ақ мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі мен фактілері туралы Клиентке хабарланса, Брокер осындай бұзушылықтардың нәтижесінде келтірілген залалды Клиентке өтейді;
- 4.6.3. Клиенттің кінәсінен туындаған, бірақ олармен шектелмей, Брокердің сыйақысын, шығысын қоса алғанда, Брокерлік шарт бойынша төлем жасау мерзімдерін бұзған жағдайда, Клиент Брокерге мерзімі өткен күнтізбелік әр күн үшін Брокерлік шартта белгіленген мөлшерде өсімпұл төлейді;
- 4.6.4. Клиент өз кінәсінен мәміле жасауды бұзғаны үшін Брокерге Брокерлік шартта белгіленген мөлшерде айыппұл, сондай-ақ мәміле жасауды бұзғаны үшін сауда-саттықты ұйымдастырушының, тауар биржасының ішкі құжаттарында белгіленген барлық айыппұл санкциясын төлейді. Брокер Клиенттің дербес шотынан және/немесе Клиенттің кез келген өзге шотынан тиісті соманы акцептсіз есептен шығару және оларды Брокердің шотына аудару арқылы Брокер төлеген немесе

Брокер төлеуге болжанатын айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

- 4.7. Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап зардап шеккен тараптың құқығы болып табылады және оны бұл тарап жазбаша нысанда ұсынады.
- 4.8. Брокер Клиенттің алдында:
  - 4.8.1. Клиенттің Брокерлік шарт бойынша міндеттемелерін орындамауының не тиісінше орындамауының нәтижесі болып табылған, оның ішінде Клиенттің өзінің сауалнамалық деректерінің (банктік деректемелерінің, сенім білдірілген адамдарының өкілеттіктерінің жарамдылығының және басқасының) өзгеруі туралы Брокерге хабарламауына/уақтылы хабарламауына байланысты шығын үшін;
  - 4.8.2. қаржы құралдары эмитенттерінің, сондай-ақ кез келген үшінші тұлғалардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін;
  - 4.8.3. берілген тапсырыстар бойынша мәмілелерге қызмет көрсететін немесе оларға қатысатын, сондай-ақ Клиенттің тапсырыстарын орындайтын немесе Клиенттің тапсырыстарын орындауға қатысатын үшінші тұлғалардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін;
  - 4.8.4. берілген кеңес, талдаулар, есептер, сауда идеялары, ұсынымдар мен жасалған Брокерлік шарт немесе оның қосымша келісімдерінің аясында көрсетілген басқа да қызметтер үшін, сол сияқты оларды кейіннен Клиенттің немесе Клиентпен байланысты тұлғалардың қолдануының нәтижесі үшін жауапкершілік көтермейді. Барлық талдау есебі, ұсыным мен хабарлама ақпараттық сипатта болады. Клиент көрсетілген қызметің нәтижесін өзінің тәуекелімен және өзінің мүліктік жауапкершілігімен пайдаланады.
- 4.9. Клиенттік тапсырысты/бұйрықты Брокер орындағаннан кейін оның күшін жою мүмкін емес және Брокерге комиссиялық сыйақы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың комиссияларын төлеу міндеттемесі Клиентте қалады. Одан басқа Клиент клиенттік тапсырысты орындау нәтижесінде шеккен шығынды Брокерге өтеуге міндетті.
- 4.10. Клиент жасалған мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Брокердің бұл туралы сауда-саттықты ұйымдастырушыға, мәмілеге қатысушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға жария түрде хабарлауға құқығы бар.

## 5. Клиенттік тапсырыстарды қабылдау

- 5.1. Брокер Клиенттің қаржы құралдарымен Брокердің алған және орындауға қабылдаған клиенттік тапсырыстарының негізінде мәмілелер жасайды.
- 5.2. Клиенттік тапсырыс Брокердің бекіткен нысаны бойынша ресімделеді, Клиент немесе оның уәкілетті тұлғасы қол қояды және Клиенттің мөрімен (ол болған кезде) немесе ЭЦҚ пайдаланып немесе бір реттік (біржолғы) кодты пайдаланып, Клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы куәландырылады. Клиенттік тапсырыстың мазмұны ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес келеді және тапсырыстың нысаны Брокердің интернет-ресурсында орналастырылады.
- 5.3. Барлық келіп түскен клиенттік тапсырыс Брокердің есеп жүйесінде тіркелуге тиіс.
- 5.4. Клиенттік тапсырысты орындау мақсатында Клиент өз Клиенттерінің ақшасын шоғырландырылған есепке алу үшін ақшаны Брокердің шотына аударады, ал Брокер Клиенттің ақшасын өз Клиенттерінің ақшасын шоғырландырылған есепке алу үшін Брокердің шотына аударады.

Клиент шарт жасасып, Брокердің өзіне және оның Клиенттеріне тиесілі ақшаны Қазақстан Республикасының банктерінде, бейрезидент-банктердің филиалдарында және (немесе) бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде және (немесе) кастодиандарда және (немесе) клирингтік ұйымдарда және (немесе) есеп айырысу ұйымдарында және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымдарында бөлек есепке алуға және сақтауға арналған кейбір дербес шоттар (қосалқы шоттар) және банктік шоттар ашатынын қабылдайды және келіседі.

Клиент Шарт жасасып, егер Клиенттің тапсырмасын орындау үшін қажетті Клиенттің ақшасы жоғарыда аталған әртүрлі сақтау орындарында сақталса, Брокер мәміле бойынша есеп айырысу (Клиенттің тапсырмасын, міндеттемелерін орындау) жүргізілетін сақтау орнында оларды жинақтау мақсатында сақтау шоттарының арасында Клиенттің ақшасын акцептісіз аударатынын тапсырады және келіседі.
- 5.5. Клиенттік тапсырысты алған кезде Брокер клиенттік тапсырысқа қол қойған тұлғаның/қол қойған тұлғалардың өкілеттіктерін тексереді, оның ішінде:

- 5.5.1. Клиенттік тапсырыстардағы (қағаз жеткізгіштегі) олардың Клиент берген қол қою үлгілері бар карточкадағы немесе жеке тұлғаның не оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттағы қойған қолының үлгілеріне сәйкестігін;
  - 5.5.2. Клиенттік тапсырыстардағы (электрондық құжаттардағы) электрондық цифрлық қолтаңбаның Клиентке не оның өкіліне шығарылған сертификатқа сәйкестігін;
  - 5.5.3. Тапсырысты Брокердің сауда платформасында жасалған бір реттік (біржолғы) кодқа сәйкес келуі мәніне растаған кезде Клиенттің енгізген бір реттік (біржолғы) кодына сәйкестігін салыстырады.
- 5.6. Клиенттік тапсырысты сауда платформасы, сондай-ақ факсимильді және телефон байланысы құралдары арқылы беруге жол беріледі. Клиенттік тапсырыстарды аталған байланыс түрлерімен беру ерекшеліктері осы Регламентте және басқа да ИНҚ-де, сондай-ақ Брокерлік шартта белгіленеді, кейіннен тапсырыстың түпнұсқасы берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде беріледі. Тапсырысты телефон байланысы құралдарымен қабылдаған кезде, Брокер Клиентпен немесе Клиенттің атынан тапсырыстарды телефон байланысы құралдарымен беруге уәкілетті оның өкілімен телефон арқылы сөйлесуді жазып алады. Брокер Клиентпен телефон арқылы сөйлесудің алынған жазбаларын жазба жасалған күннен бастап бес жылдың ішінде осы үшін арнайы жасалған тасымалдағыштарда сақтайды. Брокерде сөйлесуді жазудың техникалық мүмкіндігі болған жағдайда, тапсырысты телефон байланысы немесе бейнебайланыс құралдарымен беріледі.
- 5.7. Клиенттің қолтаңбаны факсимильді және (немесе) электрондық түрде қайта шығару құралдары арқылы, сондай-ақ телефон байланысы құралдарымен не нақты уақыт режимінде мәтіндік (дауыстық) хабарламалар алмасу жөніндегі бағдарламалық жасақтаманы пайдалану арқылы тапсырыс беруге қатысты Клиент ерік білдірген жағдайда, Брокер тапсырыстар тізіліміне енгізеді. Аталған тізілім баламалы байланыс түрлерімен клиенттік тапсырыстарды беру құқығы берілген Брокердің әр Клиенті бойынша толтырылады. Тізілім бір айға тең мерзімде жүргізіледі және Брокердің клиенттік тапсырысты алған күнін, тапсырыстың негізінде жасалатын мәміле түрін, клиенттік тапсырысты Клиент берген байланыс түрін қамтиды. Есептік ай аяқталғаннан кейін Клиент тізілімге қол қоюға және оны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде Брокерге беруге міндетті. Клиенттің немесе оның өкілінің тізілімге қол қоюы баламалы байланыс түрлері арқылы Клиент немесе оның өкілі берген клиенттік тапсырыстарды беруінің түпнұсқалығын растайды.
- 5.8. Клиенттік тапсырысты электрондық құжат нысанында немесе өзге де электрондық цифрлық нысанда, оның ішінде нақты уақыт режимінде мәтіндік (дауыстық) хабарламалармен алмасу жөніндегі бағдарламалық жасақтаманы не өзге де сауда платформаларын (Брокердің Клиенті электрондық қызметтерді алуға өтініш берген жағдайда) пайдаланып жасауға және беруге жол беріледі.
- 5.9. Клиенттік тапсырыстар тізілімінің деректері телефон немесе бейнежазба деректеріне сәйкес келмегенде Брокер мен оның Клиентінің іс-әрекеттері Брокерлік шартта айқындалады.
- 5.10. Мына жағдайларда:
- 5.10.1. Клиенттік тапсырыстың мазмұны ҚР заңнамасына және Брокерлік шартқа қайшы келгенде;
  - 5.10.2. Клиенттік тапсырыс берілген бағалы қағаздарға ауыртпалық салынса (бұғатталса);
  - 5.10.3. егер клиенттік тапсырысқа Брокердің жауапты жұмыскерінің қатысуымен Клиент қол қоймаса, клиенттік тапсырыстағы (қағаз жеткізгіштегі) қолтаңба үлгісінің қолтаңба үлгілері бар карточкада көрсетілген (оның ішінде клиенттік тапсырыстарға қол қоюға құқығы бар заңды тұлға өкілдерінің) қолтаңбаларға көзбен шолғанда сәйкес келмеген жағдайда;
  - 5.10.4. ҚР заңнамасына, Брокерлік шартта және осы Регламентте айқындалған талаптар мен тәртіпке сәйкес Клиентті сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда, клиенттік тапсырысты телефон байланысы арқылы бергенде;
  - 5.10.5. Клиенттің тапсырыстарын Клиент бұрын баламалы байланыс түрлерімен берген болса, клиенттік тапсырыстардың түпнұсқаларын қағаз жеткізгіште ұсыну және/немесе клиенттік тапсырыстар тізіліміне қол қою бойынша Клиенттің Брокер алдында берешегі болса;
  - 5.10.6. егер мәмілені ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасасқан кезде, ол сұраныстың және (немесе) ұсыныстың объективті арақатынасы нәтижесінде белгіленген бағалы қағаздарға бағаларды жоғары немесе төмен белгілеуге және

- (немесе) ұстап тұруға немесе бағалы қағаздармен сауданың көрінуін жасауға бағытталған жағдайда;
- 5.10.7. Клиент берген тапсырысты орындау үшін ақша немесе қаржы құралдарының саны жеткіліксіз болған кезде;
  - 5.10.8. ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Клиент мәмілені тіркеу үшін белгіленген мерзімде уәкілетті органның ірі қатысушы мәртебесін алуға келісімін растайтын құжатты ұсынбағанда;
  - 5.10.9. тиісті мемлекеттік органдардың не соттың бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімі болған кезде;
  - 5.10.10. тапсырыста көрсетілген дербес шот немесе қосалқы шот бұғатталған болса;
  - 5.10.11. тапсырыстың бағалы қағаздар нарығында манипуляциялауға жол бермеу бойынша талаптарға сәйкес келмеген кезде;
  - 5.10.12. Брокерлік шартта немесе ішкі құжаттарда немесе ҚР заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Брокер клиенттік тапсырысты орындауға қабылдамайды.
- 5.11. Клиенттің есебінен және оның мүддесі үшін жасалуы болжанатын мәміленің шарттары 5.10-тармақтың 5.10.7-тармақшасында айқындалған талаптардан басқа, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңының 56-бабында белгіленген шарттарға сәйкес келген жағдайда, Брокер Клиенттен осындай мәмілені жүргізуге ниетін растауды сұратады. Клиенттен оның мәміле жасауға ниетін растауды алған жағдайда, Брокер Клиенттің тапсырысын қабылдайды және Сауда бөлімшесі KASE/AIX/халықаралық нарыққа қояды. Бұл ретте Брокер бір мезгілде Клиентке осы мәмілеге қатысты шектеулер мен ерекше шарттар туралы хабарлама жібереді. Брокер бұл хабарламаның көшірмесін уәкілетті органға жібереді.
- 5.12. Егер Брокер клиенттік тапсырысты орындауға қабылдаса, ол 5.10-тармақта белгіленген клиенттік тапсырысты орындамау себептерін көрсетіп, поштамен және/немесе арнайы апарушымен және/немесе электрондық поштамен және/немесе байланыстың өзге де түрлерімен Брокерлік шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда еркін нысанда жазылған хабарламаны Клиентке жібереді.
- 5.13. Қағаз жеткізгіштегі клиенттік тапсырыстағы Брокердің тиісті белгісі клиенттік тапсырыстың тіркелгенін және орындауға қабылданғанын растау болып табылады.

## **6. Телефон немесе бейнебайланыс арқылы берілген тапсырысты қабылдаған кездегі ерекшеліктер (техникалық мүмкіндік болғанда)**

- 6.1. Брокер Клиенттің қаржы құралдарымен мәмілелерді, егер бұл Брокерлік шартта, оның қосымшасында және/немесе өзге келісімде көзделсе, клиенттік тапсырыстарды кейіннен ресімдеп, телефон байланысы (телефон арқылы) немесе бейнебайланыс арқылы берілген тапсырыстың негізінде жасайды және Клиент осындай сервисті Клиент алу үшін белгіленетін өлшемшарттарға сәйкес келеді.
- 6.2. Брокер техникалық мүмкіндік болған кезде тапсырыстарды қабылдайды. Клиенттік тапсырыстың телефон немесе бейнежазбасында мын мәліметтер қамтылады:
  - 6.1.1. оның мүддесінде қаржы құралдарымен мәміле жасау болжанатын Клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), атауы;
  - 6.1.2. осы клиенттік тапсырысқа сәйкес жасалуға тиіс қаржы құралдарымен мәміле түрі;
  - 6.1.3. мәміле осы клиенттік тапсырысқа сәйкес жасалуға тиіс қаржы құралы (эмитенттің атауы, қаржы құралының түрі, сауда коды және (немесе) қаржы құралының ISIN);
  - 6.1.4. сатып алынуға немесе сатуға тиіс қаржы құралдарының саны және (немесе) көлемі, қаржы құралдарын сатып алу немесе сату бағасы;
  - 6.1.5. Брокердің ішкі құжаттарында көзделген клиенттік тапсырыс түрі, оның ішінде шектеулі, нарықтық, буферлік клиенттік тапсырыс;
  - 6.1.6. клиенттік тапсырыстың жарамдылық мерзімі;
  - 6.1.7. клиенттік тапсырысты қабылдаған күн мен уақыт (сағат пен минут форматында);
  - 6.1.8. осы клиенттік тапсырысты қабылдаған Брокердің жұмыскерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
  - 6.1.9. Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген мәмілені тиісінше жасау үшін қажетті мәліметтер (бар болса).
- 6.3. Клиенттік тапсырысты телефон байланысы немесе бейнеконференцбайланыс құралдарымен қабылдаған кезде, Брокердің Клиенттерді сәйкестендіру талаптары мен тәртібі Брокерлік шартта және осы Регламентте айқындалады және оған мынадай ақпарат бойынша Клиентті

сәйкестендіру кіреді:

**жеке тұлға үшін:** тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса), дербес шоттың нөмірі, код сөзі (егер код сөзін пайдалану мүмкіндігі осы жеке тұлғамен жасалған Брокерлік шартта көзделген жағдайда);

**заңды тұлғалар үшін:** заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), дербес шоттың нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), клиенттік тапсырыс беретін заңды тұлға өкілінің лауазымы, код сөзі.

Жоғарыда аталған ақпаратқа қол жеткізе алатын адамдардың тізбесі Брокердің мына жұмыскерлерімен шектеледі: фронт және мидл офис бөлімшелерінің жұмыскерлері. Телефон байланысы құралдарымен ұсынылған тапсырысты орындаумен байланысты барлық тәуекелдерді, соның ішінде үшінші тұлғалардың алаяқтық операциялар жасау тәуекелін Клиент көтереді.

- 6.4. Брокер тапсырысты телефон байланысы мына талаптар орындалған кезде қабылдай алады:
  - 6.4.1. Брокерлік шарт пен оның қосымшасы Клиенттің клиенттік тапсырыстарды телефон байланысы арқылы (телефон бойынша) беру құқығын көздейді;
  - 6.4.2. Брокер ҚР заңнамасында пайдалануға рұқсат етілген аудиотехниканы және өзге де арнайы техникалық құралдарды пайдаланып, Клиентпен телефон арқылы сөйлесуді жазып алады. Бұл ретте мұндай жазу дыбыстық сигналмен немесе Клиентке сөйлесуді жазу туралы хабарлайтын өзге де ескертумен қоса жүреді. Тараптар бұдан әрі өз іс-әрекеттерін немесе ақпарат алмасуын, Клиенттің беру фактісін және сәйкесінше компанияның клиенттік тапсырысты қабылдауын негізделген растау ретінде осындай дауыстық жазбаға сілтеме жасауға құқылы;
  - 6.4.3. Клиент телефон бойынша сәйкестендіру тексерісінен өтті.
- 6.5. Егер тапсырыстың шарттарын келіскеннен кейін Клиент мына сөздерді (баламалы): «РАСТАЙМЫН», «КЕЛІСЕМІН» немесе тапсырыстың барлық параметрімен оның келісімін айқын растайтын өзге сөзді айту арқылы оның берілгенін растаса, Брокердің уәкілетті тұлғасының арнайы құрылғыдағы жазбасы бар ауызша нысанда тапсырысты алуы жүзеге асқан болып саналады және тапсырыс тіркеледі.
- 6.6. Брокер Клиенттің атынан клиенттік тапсырыс берген тұлғаның сәйкестендіру белгілерін және заңсыз әрекеттерін теріс пайдаланғаны үшін Клиенттің алдында жауапкершілік көтермейді.
- 6.7. Тапсырыс телефон бойынша қабылданған жағдайда, Брокердің жауапты жұмыскерінің тиісті дауыстық хабарламасы Клиенттің тапсырысы қабылданғанын растау болып табылады. Брокердің жұмыскерлерінің телефон жазбасына тапсырыстың түпнұсқасы сәйкес келмеген немесе Клиенттің тапсырысқа қол қоюдан бас тартқан кездегі іс-әрекеттері Брокерлік шартта белгіленеді.

## 7. Клиенттік тапсырыстарды орындау

- 7.1. Клиенттік тапсырыстар оларды қабылдаудың және Брокердің есепке алу жүйесінде тіркеудің хронологиялық тәртібімен немесе бағалы қағаздардың белгілі бір түрін орналастыру үшін белгіленген тәртіппен орындалуға тиіс. Клиенттік тапсырыс онда көрсетілген мерзім ішінде, сондай-ақ оны орындауға тартылған үшінші тұлғалардың операциялық сағаттары ескеріліп орындалуға тиіс.
- 7.2. Егер тапсырысты орындау барысында оның талаптарын өзгерту қажеттілігі туындаса, Брокер өз іс-әрекетін Клиентпен келісуге міндетті.
- 7.3. Клиенттік тапсырысты орындаған кезде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, Брокер Клиенттің мүдделерінің өз мүдделерінен басымдығын негізге алып, қаржы құралдарымен мәміле жасайды.
- 7.4. Брокердің қаржы құралдарымен мәмілелері ұйымдастырылған, сол сияқты ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалады.
- 7.5. Брокер осы мәмілені жасаған кезде тиісті сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде тіркелген ұқсас қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға қарсы өтінімдердің (ұсыныстардың) ең жақсы бағасынан нашар баға бойынша қаржы құралымен мәміле жасамайды, бұл ретте қарсы өтінімдердің (ұсыныстардың) ең жақсы бағасынан ең нашар баға деп:
  - 7.5.1. Брокер қаржы құралдарын сатқан кезде – ұқсас қаржы құралдарын сатып алудың ең жоғары (ең жақсы) бағасынан төмен баға;

- 7.5.2. Брокер қаржы құралдарын сатып алған кезде – ұқсас қаржы құралдарын сатудың ең төменгі (ең жақсы) бағасынан жоғары баға түсініледі.
- 7.6. Қаржы құралдарымен мәміле жасаған кезінде Брокер клиенттік тапсырысты жақсы орындау үшін барлық күш-жігерін салады.
- 7.7. Брокерлік шартта көзделген жағдайда не Клиенттің мүдделерін қорғау мақсатында Брокер қаржы құралдарымен мәміле жасауды ҚР заңнамасына немесе қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа Брокерге тапсыра алады. Қаржы құралдарымен осындай мәміле туралы мәліметтер осы мәмілені жасау тапсырылған Брокердің атауын көрсетіп, Брокердің ішкі есепке алу журналында көрсетіледі.
- 7.8. Брокер:
- 7.8.1. мына жағдайларда:
- 1) тиісті нарықтарда осындай клиенттік тапсырыстардың орындалуына кедергі келтіретін ахуал туындаған жағдайда;
  - 2) Клиенттің осы Регламентте және брокерлік шартта белгіленген мәміле жасасу тәртібін, мерзімдері мен талаптарын сақтамаған жағдайда;
  - 3) егер бұл қор биржаларының құжаттарында көзделген мәмілелер жасау технологияларына байланысты болса, клиенттік тапсырыстарды орындамағаны не тиісінше немесе ішінара орындамағаны үшін.
- 7.8.2. нарықтық бағалардың, нарықтағы өтімділіктің, эмитенттердің немесе контрагенттердің мәмілелер бойынша төлем қабілеттілігінің немесе Брокер бақыламайтын өзге де шарттардың немесе оқиғалардың өзгеруі салдарынан туындауы мүмкін Клиенттің шығыны үшін;
- 7.8.3. өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ондай қор биржасының, орталық депозитарийдің, кастодианның, есеп айырысу немесе клиринг ұйымдарының, орындалатын мәміле бойынша контрагенттің, эмитенттің немесе төлем агентінің, Клиенттің шоты бар банктің және т.б. әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен туындаса;
- 7.8.4. байланыс құралдарының кез келген техникалық мәселелері (жұмысы тоқтағаны немесе тоқтата тұрылғаны немесе кез келген өзге де жаңылысу) үшін;
- 7.8.5. Клиент қабылдаған, оның ішінде Брокерден алынған ақпараттың негізінде қабылдаған шешімдер үшін;
- 7.8.6. Брокерлік шартты кез келген орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының басталуынан туындаса, жауапкершілік көтермейді.
- 7.9. Орталық депозитарийден, AIX CSD, кастодианнан жүргізілген операция туралы растауды алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Брокер клиенттік тапсырыстың орындалғаны/орындалмағаны туралы есепті қалыптастырады, ол Клиентке ҚР заңнамасында және Брокерлік шартта белгіленген тәртіппен жіберіледі.
- 7.10. Брокер сауда-саттықтың жабылу уақытынан және/немесе қаржы құралы бойынша өтінімдерді қабылдау уақытынан 10 минуттан кешіктірмей Брокер алған клиенттік тапсырыстарды орындау үшін барынша күш салады, бірақ бұл ретте мұндай тапсырыстарды орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді.

## **8. Жеке кабинет арқылы берілген тапсырыстарды қабылдау**

- 8.1. Клиентке Жеке кабинетке қолжетімділік беру тәртібі Брокердің ішкі құжаттарымен және Брокерлік шартпен реттеледі.
- 8.2. Жеке кабинетке кіруге Клиентке логин, өтінім беру үшін, Брокермен шарт жасалған куәландырушы орталықтың электрондық цифрлық қолтаңбасы сертификатын алу және/немесе Клиентті динамикалық сәйкестендіру қызметіне қосылу қажет. Сауда платформасы жүйесі арқылы өтінімдер беру басталғанға дейін Клиентке интернет-трейдингке қол жеткізу жүйесінде оның ЭЦҚ тіркеуден өту және/немесе Клиентті динамикалық сәйкестендіру қызметіне қосылу мақсатында оның телефон нөмірін тіркеу қажет.
- 8.3. bcstrade.kz сауда платформасы арқылы тапсырыстарды беру тәртібі Брокердің Электрондық қызметтер көрсету туралы келісімінде және Электрондық қызметтер көрсету ережесінің ажырамас бөлігі болып табылатын Жеке кабинетпен жұмыс жүргізу жөніндегі нұсқаулығында регламенттеледі.



- 8.4. Тапсырмаларды (сауда операцияларын) және өзге де операцияларды жіберу үшін бір реттік (біржолғы) не ЭЦҚ пайдаланып, Клиентті динамикалық сәйкестендіруді пайдалану көзделген, бұл ретте Клиент ақпаратты динамикалық сәйкестендірудің және қорғаудың таңдалған тәсілі үшін жауапкершілікті өзіне алады. Қауіпсіздікті арттыру және рұқсат етілмеген операциялардың тәуекелін азайту мақсатында Брокер Клиенттің ЭЦҚ пайдаланбаған сауда операцияларын операцияның ең көп сомасы және (немесе) түрі бойынша шектеуге құқылы.
- 8.5. Брокер Клиенттің арнайы техникалық құралдарды пайдаланып, бұйрықтарды/тапсырыстарды берудің және өңдеудің электрондық және басқа тәсілдерінің үздіксіз және қатесіз жұмыс істеуіне кепілдік бермейді. Бұйрықты/тапсырысты электрондық түрде немесе арнайы техникалық құралдарды пайдаланып, аталған тәсілдердің өзге түрінен беру үшін техникалық немесе өзге мүмкіндік болмаған жағдайда, Клиент бұйрықтарды/тапсырыстарды беру үшін осы Регламентте көзделген өзге де қолжетімді тәсілмен пайдалануға тиіс. Брокер сауда платформасындағы өзіне байланысты емес кез келген техникалық мәселелер (жұмысты тоқтату немесе тоқтата тұру немесе кез келген жаңылысу) үшін жауапкершілік көтермейді. Брокер өз қалауы бойынша кез келген уақытта Клиенттің үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуі туралы күдіктері болған кезде немесе Клиенттің сауда платформасын пайдаланып жасалатын іс-әрекеттері осы Регламенттің талаптарына, сауда-саттықты ұйымдастырушының құжаттарына немесе ҚР заңнамасына және Брокер қоятын шектеулерге сәйкес келмесе немесе сәйкес келмеуіне әкеп соғуы мүмкін болса, Клиенттің сауда платформасына қол жеткізуін тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы, бұл туралы Клиентке алдын ала хабарлау арқылы сауда платформасын үздіксіз пайдалануды қамтамасыз етеді. Бұл хабарлама Клиентке Брокердің қалауы бойынша кез келген тәсілмен, оған қоса, бірақ шектелмей, хабарламаны Клиенттің электрондық поштасына жолдау және телефон арқылы ауызша хабарлау арқылы жіберілуі мүмкін.
- 8.6. Клиент Брокердің сауда платформасы арқылы қолжетімді қызметтер мен қаржы құралдарының тізбесін өз бетінше анықтайтынын түсініп, онымен келіседі. Бұл тізбе қолжетімді қызметтер мен қашықтан қолжетімсіз қаржы құралдарының тізімінен едәуір аз болуы мүмкін.
- 8.7. Жеке кабинет (электрондық тапсырыс) арқылы берілген тапсырыс Брокердің автоматтандырылған есепке алу жүйесінде автоматты түрде тексеріледі, ол:
- 8.8.1. тапсырысқа ЭЦҚ қоятын кезде – тиісті ЭЦҚ сертификатын шығарған куәландырушы орталықтың арнайы бағдарламалық жасақтамасының көмегімен Жеке кабинет арқылы берілетін тапсырыстардағы Клиенттің ЭЦҚ түпнұсқалығын (қолтаңбаны анықтау), сондай-ақ Клиенттің ЭЦҚ сертификатының жарамдылығын;
- 8.8.2. тапсырысты бір реттік (біржолғы) код арқылы растаған кезде – Клиент енгізген бір реттік (біржолғы) кодтың жеке кабинет жүйесінде жасалған бір реттік (біржолғы) кодқа сәйкестігін;
- 8.8.3. тапсырыс бойынша мәміле жасау үшін қаржы құралдарының/ақшалай қаражаттың жеткіліктілігін;
- 8.8.4. тапсырыс берілген бағалы қағаздарда ауыртпалықтың (бұғаттаудың) болуын тексереді.
- 8.8. Егер көрсетілген тексеру сәйкессіздіктерді анықтаса, Брокер электрондық тапсырысты орындауға қабылдаудан бас тартады, бұл тапсырысқа Жеке кабинет жүйесінде тиісті мәртебе берумен расталады. Жазбаша түрде бас тарту ресімделмейді.

## **9. Бұрын берілген тапсырыстың күшін жою**

- 9.1. Егер осы тапсырыс әлі орындалмаса, Клиент бұрын берген және Брокер қабылдаған клиенттік тапсырыстың күшін Клиент жоя алады. Ішінара орындалған клиенттік тапсырыс тек орындалмаған бөлігінде жойылуы мүмкін.
- 9.2. Клиенттік тапсырыстың күшін оны берген тұлға (Клиент не оның уәкілетті өкілі) жоюға құқылы.
- 9.3. Клиенттік тапсырыстың күші Брокерге клиенттік тапсырыстың күшін жою туралы бұйрықты жіберу арқылы жойылады, онда клиенттік тапсырыстың нөмірі, күні және осы клиенттік тапсырыстың қай бөлігінде жойылатыны көрсетілген.
- 9.4. Клиенттік тапсырыстың күшін жою туралы бұйрық Брокерлік шартта және осы Регламентте көзделген кез келген тәсілмен берілуі мүмкін.
- 9.5. Клиенттік тапсырысты жою туралы бұйрық оны Брокер алғаннан кейін және орындау

хронологиясын сақтамай тікелей орындалады.

## 10. Клиенттік бұйрықтарды қабылдау және орындау

- 10.1. Брокер номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде Клиенттің дербес шоты бойынша операцияларды Брокер нысаны бойынша тиісінше ресімделген және Клиент немесе оның уәкілетті тұлғасы қол қойған немесе ЭЦҚ арқылы берілген немесе бір реттік (біржолғы) код арқылы расталған бұйрықтың негізінде жүргізеді.
- 10.2. Брокер клиенттік бұйрықты өзінің автоматтандырылған есеп жүйесінде қабылдайды және тіркейді.
- 10.3. Егер бұл ішкі құжаттарда және Клиентпен жасалған шартта көзделсе, Брокер Клиенттің дербес шоты бойынша электрондық қызметтер ретінде кейбір операцияларды жүргізе алады. Электрондық қызметтер көрсету тәртібі мен шарттары бөлек ішкі құжатта көзделеді.
- 10.4. Брокер ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің банктік шотына ақшаны төлем тапсырмасының негізінде аударады, ал Клиенттің банктік шотынан ақшаны Клиенттің бұйрығы негізінде есептен шығарады.
- 10.5. Мына жағдайларда:
  - 10.5.1. бұйрықтың мазмұны ҚР заңнамасына және Брокерлік шартқа қайшы келген кезде;
  - 10.5.2. тиісті мемлекеттік органдардың не соттың бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімі болған кезде;
  - 10.5.3. бұйрықтың деректемелері ҚР заңнамасында белгіленген деректемелерге немесе дербес шоттың (қосалқы шоттың) деректемелеріне сәйкес келмеген кезде;
  - 10.5.4. операцияны жүргізуге бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік екі күннің ішінде қарсы бұйрық берілмегенде;
  - 10.5.5. эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері және/немесе клиенттердің шоттарында (қосалқы шоттарында) ақша бойынша талап ету құқықтарының/бағалы қағаздардың қажетті саны болмағанда;
  - 10.5.6. ҚР заңнамасына, Брокерлік шартта және осы Регламентте айқындалған талаптар мен тәртіпке сәйкес Клиентті сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда, бұйрықты телефон байланысы құралдарымен берген кезде;
  - 10.5.7. егер клиенттік бұйрыққа Брокердің жауапты жұмыскерінің қатысуымен Клиент қол қоймаса, клиенттік бұйрықтағы (қағаз жеткізгіштегі) қолтаңба үлгісінің қолтаңба үлгілері бар карточкада көрсетілген (оның ішінде клиенттік бұйрықтарға қол қоюға құқығы бар заңды тұлға өкілдерінің) қолтаңбаларға көзбен шолғанда сәйкес келмеген жағдайда;
  - 10.5.8. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына сәйкес олардың біреуіне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген банктерді біріктіру нысанында қайта ұйымдастырған кезде тіркелген тұлғалардың дербес шоттарынан (дербес шоттарына) (қосалқы шоттарынан) (қосалқы шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жатқызу) бойынша операцияларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық болған кезде;
  - 10.5.9. Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңының 65-бабының 6-1-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарды және/немесе дербес шотты немесе қосалқы шотты бұғаттағанда;
  - 10.5.10. клиенттік бұйрықта Клиенттің Брокердің өзі қойған қолтаңбасының баламасын механикалық немесе өзге де көшіру арқылы қолтаңбаны факсимильді қайта шығару құралдарын пайдаланғанда;
  - 10.5.11. сыйақы төлеу және/немесе Брокердің шығысын өтеу бойынша берешек болғанда;
  - 10.5.12. Брокерлік шартта немесе Брокердің ішкі құжаттарында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Брокер клиенттік бұйрықты орындауға қабылдамайды және бұйрықты орындамау себептерін көрсетіп, бас тартуды жазбаша түрде немесе ҚР электрондық құжат және ЭЦҚ туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдаланып, электрондық құжат нысанында ресімдейді.
- 10.6. Брокер Клиенттің дербес шоты бойынша операцияны жүргізер алдында 10.5-тармақта

- көрсетілген клиенттік бұйрықты орындаудан бас тарту үшін негіздердің жоқтығына клиенттік бұйрықты тексереді.
- 10.7. Брокер клиенттік бұйрықты оның түсуінің хронологиялық тәртібімен орындайды.
  - 10.8. Бағалы қағаздарды есептен шығару/есепке жатқызу, ақша аудару, валюта айырбастау/конверсиялау, қаржы құралын басқа нысанға айырбастау немесе басқа алаңға ауыстыру туралы клиенттік бұйрықтар Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде, АІХ CSD және кастодианның номиналды ұстауын есепке алу жүйесінде алуына қарай және техникалық мүмкіндіктің болуына қарай, кейіннен номиналды сақтауды есепке алу жүйесінде орындау нәтижесін көрсетіп орындалады.
  - 10.9. Клиенттердің ақшалай қаражатын клиенттік бұйрықтың негізінде бэк-офис бөлімшесінің жұмыскерлері аударды. Клиенттің ақшалай қаражаты бір валютадан екіншісіне клиенттік бұйрықтың негізінде айырбасталады, онда Клиент айырбастау сомасын, валютасын және бағытын көрсетуі керек. Клиенттің ақшасымен операциялар жүргізу үшін операциялық күн делдал банктің операциялық жұмыс режиміне байланысты. Клиенттен Астана қ. уақытымен сағат 16-00-ден кейін алынған бұйрық кастодиан-банктің және (немесе) ОД техникалық мүмкіндігі болған кезде ағымдағы операциялық күні өткізілуі мүмкін, олай болмаған жағдайда бұйрық келесі жұмыс күні орындалады.
  - 10.10. РЕПО операциясынан, аукцион бойынша қанағаттандырылмаған бұйрықтар бойынша және бағалы қағаздарды сатудан алынған Клиенттің бұйрығымен Клиенттің ақшалай қаражатын алу бойынша операция Клиент осындай бұйрық берген күні орындалуға тиіс, оған мәмілелер бойынша есеп айырысу Астана қ. уақытымен сағат 16-00-ден кейін және 10.9-тармақтың ережелері ескеріліп жүзеге асырылған жағдайлар қосылмайды.
  - 10.11. Бұйрық орындалғаннан/орындалмағаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде Брокер осындай орындау/орындамау туралы есеп қалыптастырады, оны Брокерлік шартта белгіленген тәртіппен Клиентке жібереді.

## **11. Брокерлік қызмет көрсеткен кезде номиналды ұстау**

- 11.1. Номиналды ұстау қызметі клиенттерге номиналды ұстаушы немесе номиналды ұстау туралы бөлек шарт ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен олармен жасалған Брокерлік шарттың аясында көрсетіледі.
- 11.2. Номиналды ұстау қызметі деп Клиент берген және Брокер орындауға қабылдаған клиенттік бұйрықтар мен тапсырыстардың негізінде Брокердің Клиенттің дербес шотын ашу және жүргізу бойынша қызметтері түсініледі.
- 11.3. Брокердің номиналды ұстауын есепке алу жүйесінде операциялардың мынадай түрлері жүргізіледі:
  - 11.3.1. дербес шоттар бойынша операциялар:
    - 1) дербес шот ашу
    - 2) бағалы қағаздар ұстаушы туралы мәліметтердің өзгеруі (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап құқықтары);
    - 3) бағалы қағаздардың күшін жою;
    - 4) бағалы қағаздарды өтеу;
    - 5) бағалы қағаздарды бағалы қағаздарды ұстаушылардың шоттарынан/шоттарына есептен шығару/есепке жазу;
    - 6) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын бағалы қағаздарды ұстаушылардың дербес шоттарынан/дербес шоттарына/шоттарына есептен шығару/есепке жазу;
    - 7) орналастырылған акциялар санының көбеюіне немесе азаюына байланысты (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде) бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шотындағы/қосалқы шотындағы акциялар санының көбеюі немесе азаюы туралы жазбалар енгізу;
    - 8) эмитенттің бағалы қағаздары мен өзге де ақшалай міндеттемелерін эмитенттің басқа құралдарына айырбастау туралы жазбалар енгізу;
    - 9) эмитенттің бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастау туралы жазбалар енгізу;
    - 10) бағалы қағаздарға/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына ауыртпалық салу және ауыртпалықты алып тастау;

- 11) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша бағалы қағаздарды/талап ету құқықтарын бұғаттау және бұғаттауды алып тастау;
  - 12) сенімгерлік басқарушы туралы жазбаларды енгізу және сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны жою;
  - 13) дербес шотты жабу;
  - 14) өзге операциялар, егер мұндай операциялар ҚР заңнамасында көзделсе;
- 11.3.2. ақпараттық операциялар:
- 1) дербес шоттан үзінді көшірме беру;
  - 2) жүргізілген операциялар туралы есеп беру;
  - 3) бағалы қағаздарды ұстаушылардың, орталық депозитарийдің, эмитенттердің және уәкілетті органның сұратулары бойынша басқа да есептерді дайындау және беру;
  - 4) өзге операциялар, егер мұндай операциялар ҚР заңнамасында көзделсе.
- 11.4. Бэк-офис бөлімшесі номиналды ұстау қызметі үшін есептеу, аудару және ұстап қалу үшін жауапты бөлімше болып табылады.
- 11.5. Брокердің номиналды ұстауын есепке алу жүйесіндегі Клиенттің дербес шотында және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі, AIX CSD және кастодианның номиналды ұстауын есепке алу жүйесіндегі Клиенттің қосалқы шотында ҚР заңнамасында көзделген мәліметтер қамтылады.
- 11.6. Клиенттің дербес шотында Брокердің номиналды ұстауын есепке алу жүйесінде мынадай бөлімдер ашылады:
- 11.6.1. «**негізгі**» – мәмілелерді жүргізуге қатысты шектеулер белгіленбеген эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша бағалы қағаздарды/талап ету құқықтарын есепке алуға арналған;
  - 11.6.2. «**бұғаттау**» – ҚР заңнамасына сәйкес осындай шешім қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органның шешімі, клиенттің бұйрығы немесе бағалы қағаздар эмитентінің шешімі негізінде эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша бағалы қағаздармен/талап ету құқықтарымен азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге олардың сақталуына кепілдік беру мақсатында уақытша тыйым салынған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша бағалы қағаздарды/талап ету құқықтарын есепке алуға арналған;
  - 11.6.3. «**РЕПО**» – автоматты РЕПО секторында жасалған РЕПО операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздарды есепке алуға арналған;
  - 11.6.4. «**ауыртпалық**» – осы бағалы қағаздарды ұстаушының міндеттемелерін/эмитенттің осы эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша азаматтық-құқықтық мәміле негізінде туындаған басқа тұлғалардың алдындағы міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын қамтамасыз ету үшін мәмілелерді жасауға шектеулер қойылған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша бағалы қағаздарды/талап ету құқықтарын есепке алуға арналған.
- 11.7. Брокер дербес шотта бағалы қағаздарды есепке алу үшін қосымша бөлімдер ашуға құқылы.
- 11.8. Брокердің номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі Клиенттің дербес шоты орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде, AIX CSD немесе кастодианның номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде көрсетілетін барлық операцияның жазбаларын қамтиды.
- 11.9. Брокердің номиналды ұсталуын есепке алу жүйесінде эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша бағалы қағаздармен/талап ету құқықтарымен мәмілелер Клиенттің дербес шоты бойынша тиісті операцияларды жүргізу арқылы тіркеледі.
- 11.10. Айналыс мерзімі өткен және эмитент өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын Брокер эмиссиялық бағалы қағаздар деректерінің ұлттық сәйкестендіру нөмірін көрсетіп, ОД ережелері жиынтығында белгіленген тәртіппен ОД беретін сәйкестендіргіштер бойынша есепке алады.
- 11.11. Клиенттің дербес шотында эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының сандық көрінісі осы талап ету құқықтары туындаған эмиссиялық бағалы қағаздардың саны ретінде айқындалады (оған ҚР заңнамасына сәйкес осындай құқығы бар мемлекеттік органдардың актілері негізінде

- оларды бұғаттау бойынша операциялар жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздар қосылмайды).
- 11.12. Бағалы қағаздарды/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын шоттардан есептен шығару/есепке жазу бойынша операцияларды бағалы қағаздарды ұстаушылардың шоттарына Брокер бағалы қағаздарды ұстаушылардың бұйрықтарының негізінде жүргізеді, оған мыналар қосылмайды:
- 11.12.1. ұйымдастырылған нарықта жүргізілген операциялар, олар ОД-ның және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес тіркеледі;
- 11.12.2. соттың шешімі бойынша бағалы қағаздар бойынша құқықтарды өзгерту немесе тоқтату бойынша операциялар, оларды Брокер ҚР заңнамасына сәйкес барлық қажетті деректемені қамтитын атқару парағының негізінде тіркейді;
- 11.12.3. ҚР заңнамасына сәйкес мәжбүрлеп сатып алуға жататын екінші деңгейдегі банктердің өздеріне тиесілі акцияларын Брокердің клиенттерінің дербес шоттарынан есептен шығару және осы акцияларды ҚР Ұлттық Банкінің шотына есепке жазу бойынша операциялар, олар уәкілетті органның шешімі негізінде тіркеледі;
- 11.12.4. бағалы қағаздарды/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын мұраға алу, ол кезде эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша бағалы қағаздарды/талап ету құқықтарын дербес шоттардан/клиенттердің дербес шоттарына есептен шығару/есепке жазу бойынша операциялар, мұрагердің номиналды ұстау жүйесінде дербес шоты болмаған жағдайда, мұрагер немесе оның өкілі берген тиісті бұйрықтың, мұраға құқық туралы куәліктің түпнұсқасының немесе нотариат куәландырган көшірмесінің, мұрагер өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттардың және дербес шот ашу үшін талап етілетін құжаттардың негізінде тіркеледі;
- 11.12.5. бағалы қағаздарды және эмитенттің өзге де ақшалай міндеттемелерін эмитенттің жай акцияларына айырбастау, эмитенттің орналастырылған акцияларының бір түрін осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастау, ол кезде тиісті жазбаларды енгізу бойынша операциялар эмитенттің бұйрығы негізінде жүргізіледі немесе ОД-ның хабарламасы негізінде көрсетіледі;
- 11.12.6. қаржы ұйымдарын қайта ұйымдастырған кезде бағалы қағаздарды дербес шоттардан/бағалы қағаздарды ұстаушылардың дербес шоттарына есептен шығару/есепке жазу бойынша операциялар, олар ОД-ның есепке алу жүйесінен алынған тіркелген операциялар туралы есептің негізінде жүргізіледі;
- 11.12.7. Брокер лицензиядан айырылған немесе Брокер номиналды ұстаушы ретінде Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен Брокерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны ерікті түрде қайтару туралы шешім қабылдаған жағдайда және бұл ретте Клиенттен номиналды ұстаушы ретінде алмаған жағдайда, айналыс мерзімі өткен бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын есептен шығару бойынша операцияларды Брокердің Клиентінің дербес шотынан оған активтерді есептен шығаруға бұйрықтың тиісті хабарламасын жолдаған не Клиенттің орналасқан жері/тұрғылықты жері бойынша жоқ екені туралы хабарлама алған күні, сондай-ақ бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркеуші Брокердің Клиентіне ашқан дербес шотқа осы бағалы қағаздар бойынша осы бағалы қағаздарды/талап ету құқықтарын есепке алу бойынша операциялар;
- 11.12.8. ҚР заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.
- 11.13. Бағалы қағаздарды/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын есептен шығару/есепке жатқызу бойынша операцияларды жүргізген кезде, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында жасалатын бағалы қағаздарды ұстаушылардың шоттарына Брокер мәмілені жасасу/орындау және/немесе бағалы қағаздарды иелену және/немесе талап ету құқығының ауысу фактісін растайтын құжаттарды (сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту, талап ету құқығын беру шарты және т.б.) сұратуға құқылы.
- 11.14. Егер мәміле бір Тараптың оны жасасу үшін уәкілетті органның рұқсатын/келісімін алуды талап етсе, Брокер осындай рұқсаттың/келісімнің болуын растайтын құжатты сұратады. Уәкілетті органның талап етілетін рұқсаты/келісімі болмаған кезде, Брокер мәмілені тіркеуден бас тартады. Бұл талап бағалы қағаздарды сенімгерлік басқаруға берген кезде

Брокердің номиналды ұстауын есепке алу жүйесінде жүргізілетін операцияларға қолданылады.

- 11.15. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың шоттары бойынша эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарымен РЕПО операцияларын Брокер жүргізбейді.
- 11.16. Брокердің номиналды ұстаушы ретіндегі операциялық күнінің ұзақтығы кемінде 7 (жеті) сағатты құрайды.

## **12. Бағалы қағаздарға/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына ауыртпалық салу және мұндай ауыртпалықты алып тастау бойынша операциялардың ерекшеліктері**

- 12.1. Бағалы қағаздарға/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына ауыртпалық салу бойынша операциялар бағалы қағаздары/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына ауыртпалық салынатын ұстаушының қарсы бұйрықтарының және оның пайдасына ауыртпалық салынатын тіркелген тұлғаның бұйрығының негізінде жүргізіледі.
- 12.2. Бағалы қағаздарға/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына ауыртпалық салынған кезде бағалы қағаздарды ұстаушы Клиенттің дербес шотында Брокер пайдасына ауыртпалық салынатын тұлға туралы жазба жасайды, ал бағалы қағаздар/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары «негізгі» бөлімінен «ауыртпалық» бөліміне есепке жазылады.  
Пайдасына ауыртпалық салынған Клиенттің дербес шотына Брокер ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың түрі, саны, олардың нөмірі, эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының сәйкестендірушісі/бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі туралы, сондай-ақ бағалы қағаздар/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары туралы жазба енгізеді.
- 12.3. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша бағалы қағаздардан/талап ету құқықтарынан ауыртпалықты алу бойынша операциялар мәмілеге қатысқан адамдардың ауыртпалығын алу туралы қарсы бұйрықтардың негізінде жүргізіледі.
- 12.4. Брокер бағалы қағаздар/құқықтар ауыртпалығын алып тастаған кезде, эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талаптары «ауыртпалық» бөлімінен бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шотының «негізгі» бөліміне ауыстырылады және Брокер тіркелген тұлғаның дербес шотындағы ауыртпалық туралы жазбаның күшін жояды.  
ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес олардың біріне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген қосылу нысанында банктерді қайта ұйымдастырған кезде бағалы қағаздарды дербес шоттардан есептен шығару/тіркелген тұлғалардың дербес шоттарына бағалы қағаздарды есепке жазу бойынша операцияларды жүргізген кезде, ауыртпалықты салу және алу бойынша операциялар жүйедегі дербес шоттан (қосалқы шоттан) үзінді көшірменің негізінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жүргізіледі.
- 12.5. Бағалы қағаздарға ауыртпалық салу бойынша операцияларды тіркеу тәртібінің ерекшеліктері/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері немесе орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі осындай ауыртпалықты алу бойынша талап ету құқықтары ОД ережелері жиынтығында белгіленеді.

## **13. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша бағалы қағаздарды бұғаттау /бұғаттауды/талап ету құқықтарын алып тастау бойынша операцияның ерекшеліктері**

- 13.1. Бағалы қағаздарды/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын бұғаттау және мұндай бұғаттауды алып тастау бойынша операциялар ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен осындай құқығы бар мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарының негізінде, сондай-ақ Клиенттің бұйрығының немесе бағалы қағаздар эмитентінің шешімінің негізінде Брокердің номиналды ұстауын есепке алу

- жүйесінде жүргізіледі.
- 13.2. Бағалы қағаздарды/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талаптарды бұғаттау бойынша операцияны жүргізген кезде, Брокер бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шотын «негізгі» бөлімінен «бұғаттау» бөліміне ауыстырады.
- 13.3. Бағалы қағаздарды/эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын бұғаттауды алып тастау бойынша операцияны жүргізген кезде, Брокер «бұғаттау» бөлімінен «негізгі» бөлімге ауыстырады.

**14. Уәкілетті орган ірі қатысушының, банктік не сақтандыру холдингінің белгілері бар немесе осындай болып табылатын тұлғаларға қолданатын мәжбүрлеу шарасы ретінде қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқаратын мекеменің ерекшеліктері**

- 14.1. ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқаруды құру кезінде Брокер уәкілетті органның шешімінің негізінде номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде қаржы ұйымының акцияларын ұстаушы Клиенттің дербес шотына сенімгерлік басқарушы туралы және қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқаруды құру туралы жазба енгізу туралы сенімгерлік басқарушының бұйрығының негізінде сенімгерлік басқарушы туралы жазба енгізу бойынша операцияны жүргізеді.
- 14.2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қаржы ұйымының сенімгерлік басқаруға берілген акцияларын өткізген жағдайда, Брокер осы акцияларды бағалы қағаздарды ұстаушының меншік иесі болып табылатын дербес шотынан есептен шығару және сенімгерлік басқарушының бұйрығы мен уәкілетті органның ірі қатысушы мәртебесін алуға қаржы ұйымының (банк немесе сақтандыру холдингінің) келісімін растайтын құжаттың негізінде осы акцияларды сатып алушының/сатып алушылардың дербес шотына/дербес шоттарына есепке жатқызу бойынша операцияларды жүргізеді.
- 14.3. Номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жүзеге асырылған бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шотына/дербес шотынан сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны енгізу/жою бойынша операция Брокердің бұйрығының негізінде ОД есепке алу жүйесінде оны жүргізген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

**15. Акциялардың күшін жою, бағалы қағаздарды өтеу және жарияланған акция санын көбейту бойынша операциялардың ерекшеліктері**

- 15.1. Брокер акциялардың күшін жою бойынша операцияны уәкілетті органның күшін жою туралы хабарламасын алған күні оларды дербес шоттардың барлық бөлімінен есептен шығару арқылы жүргізеді.
- 15.2. Брокер бағалы қағаздарды өтеу бойынша операцияны дербес шоттың барлық бөлімінен ОД хабарламасының негізінде есептен шығару арқылы жүргізеді.
- 15.3. ОД тіркеушіден уәкілетті орган эмитентке берген және орналастырылған акциялардың санын көбейту есебінен жарияланған акциялардың санын көбейтуге нұсқау қамтылған жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін алғаннан кейін бір сағаттың ішінде және ОД шотынан үзінді көшірме аталған құжаттардың көшірмелерін дербес шоттарында көрсетілген эмитенттің акцияларын есепке алатын номиналды ұстаушыларға жібереді және осы номиналды ұстаушылардың дербес шоттары бойынша тиісті операцияларды жүргізеді. ОД-дан жоғарыда аталған құжаттарды алған Брокер күннің соңына дейін өзінің номиналды ұстауды есепке алу жүйесіне тиісті өзгерістер енгізеді.
- 15.4. Тиісті өзгерістер енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Брокер Клиенттің дербес шоты бойынша есепті қалыптастырады және оны Брокерлік шартта (номиналды ұстау туралы шартта) белгіленген тәртіппен Клиентке жібереді.

**16. РЕПО операцияларын жүргізу ерекшеліктері**

- 16.1. РЕПО операциясы мәмілені тіркеуге қарсы бұйрықтардың негізінде тіркеледі.
- 16.2. РЕПО операциясы былайша бөлінеді:
- РЕПО ашу мәмілесі – РЕПО операциясына қатысушылардың бірінен осы мәміле сомасында ақша аударуды және РЕПО операциясына екінші қатысушының бағалы

- қағаздардың белгілі бір санын біріншісіне беруді көздейтін бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі;
- РЕПО жабу мәмілесі – РЕПО ашу мәмілесі жағдайындағыдай, РЕПО операциясының екінші қатысушысынан осы мәміле сомасында ақшаны біріншісіне беруді және РЕПО ашу мәмілесіндегідей, РЕПО операциясының бірінші қатысушысының сол шығарылымдағы бағалы қағаздар санын екіншісіне қайтаруды көздейтін бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі.
- 16.3. Брокердің шоттарындағы Клиент активтерінің ең төменгі құны жасалған маржалық мәмілелер болған кезде маржаның шектеу деңгейін есепке алмағанда, осы Клиенттің тапсырмасы бойынша «тікелей» тәсілмен қор биржасының сауда жүйесінде Брокер жасаған РЕПО ашудың барлық операциялары сомасының кемінде 30 (отыз) пайызын тұрақты түрде құрайды. Клиенттің активтері ретінде:
- ақша;
  - Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарындағы салымдар;
  - Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;
  - Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «В» деңгейінен төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бағалы қағаздар.
- 16.4. 16.3-тармақтың талаптары орталық контрагенттің қызметін қолданып, «тікелей» тәсілмен қор биржасының сауда жүйесінде Брокер жүргізген РЕПО операцияларына қолданылмайды.
- 16.5. Брокердің Клиенті мен Брокердің Клиенті болып табылмайтын адамның арасында жасалған мәміле бойынша қор биржасының сауда алаңында «автоматты» тәсілмен РЕПО операциясын жүргізген кезде бағалы қағаздар сатушының дербес шотынан есептен шығарылады және сатып алушының дербес шотының «РЕПО» бөліміне есепке жазылады.
- 16.6. РЕПО операциясы ашылған күннен бастап жиынтығында 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.
- 16.7. ОД есепке алу жүйесінде РЕПО операцияларын тіркеу тәртібі ОД ережелерінің жиынтығымен айқындалады.
- 16.8. Егер РЕПО мәмілесінің (операциясының) мәні болып табылатын бағалы қағаздарды Эмитент РЕПО мәмілесі жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аз уақыт ішінде өтеуге тиіс болса, Брокер РЕПО мәмілесін (операциясын) жасауға клиенттік тапсырысты/бұйрықты күнтізбелік 14 (он төрт) күннен артық орындауға қабылдамайды.

## **17. Дербес шотты жабу бойынша операциялар**

- 17.1. Бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шотын жабу бойынша операция:
- 17.1.1. Клиенттің дербес шотты жабу туралы бұйрығының негізінде;
  - 17.1.2. 12 (он екі) айдың ішінде Клиенттің дербес шоты бойынша бағалы қағаздармен мәмілелер мен операциялар болмаған жағдайда және, егер Брокерлік шартта (номиналды ұстау туралы шартта) өзгеше мерзім белгіленбесе, есепке алу үшін Клиенттің шотында 1000,0 (мың) теңгеден аспайтын мөлшердегі сома немесе шетел валютасындағы баламалы сома болған жағдайда;
  - 17.1.3. Брокер лицензиясынан айырылған жағдайда, активтерді Клиентке қайтарған кезде жүргізіледі.
- 17.2. Бағалы қағаздарды ұстаушының дербес шоты жабылған кезде, Клиентке Брокер белгілеген нысан бойынша тиісті хабарлама жіберіледі.
- 17.3. Клиенттің дербес шотын жабуға әкеп соқтырған брокерлік шарт (номиналды ұстау туралы шарт) бұзылған жағдайда, Брокер Клиентпен осындай шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік жеті күннің ішінде Клиенттің жазбаша хабарламасында көрсетілген жаңа номиналды ұстаушыға осы Клиенттің номиналды ұстауын есепке алу жүйесін құрайтын құжаттарды береді.
- 17.4. Брокерлік шарт шарттың өзінде көзделген тәртіппен мына негіздер бойынша:
- 17.14.1. Клиент Брокер туралы теріс ақпаратты тарату бөлігінде іскерлік беделін жоғалту, сол сияқты осы тәуекелді іске асыру тәуекелі болғанда;
  - 17.14.2. Клиентке қызмет көрсету экономикалық тиімсіз болғанда;
  - 17.14.3. кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ)



тәуекеліне ұшырау деңгейі жоғары болғанда;

17.14.4. шарт бойынша қызмет көрсету тәртібі бойынша өзара түсіністік болмағанда;

17.14.5. брокерлік шартта көзделген өзге де негіздер бойынша бұзылуы мүмкін.

Осы Регламенттің 17.14.1-тармақшасының мақсаты үшін теріс ақпаратты тарату деп бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, хаттарды электрондық тарату, мемлекеттік органдар мен ұйымдарға шағымдарды, өтініштерді жолдау, анық емес және/немесе дәл емес және/немесе толық емес және/немесе асыра сілтелген және/немесе расталмаған және/немесе жаңылыстыратын ақпаратты жіберу, сол сияқты оны бұрмалау, сондай-ақ Брокердің қызметі, оның басшылары мен өзге де жұмыскерлерінің іс-әрекеттері мен беделі туралы Брокердің серіктестерінің, Клиенттерінің, үлестес тұлғаларының және өзге де тұлғалардың пікіріне/түсінігіне елеулі ықпал етуге қабілетті фактілер туралы мәлімдемелер жасау түсініледі.

Осы Регламенттің 17.14.2-тармақшасының мақсаты үшін экономикалық тиімсіздік деп Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген шығыстар мен кірістер арақатынасының шамасымен салыстыруға келмейтін қызметтерді көрсету нәтижелері түсініледі. Брокерлік шарт бойынша қызмет көрсетуге байланысты шығыс тізбесіне материалдық шығыс, бизнес-процеске тартылған жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге кеткен шығыс, бағдарламалық жасақтаманы (Bloomberg, IC және т.б.) қолдау және негізгі құралдарды жөндеуге кеткен шығысты және т.б. қоса алғанда, өзге де шығыс кіреді.

Осы Регламенттің 17.14.3-тармақшасының мақсаты үшін КЖ/ТҚҚ тәуекелдері деп Брокерді КЖ/ТҚҚ процестеріне немесе өзге де қылмыстық қызметке қасақана немесе байқаусызда тарту тәуекелі түсініледі.

Осы Регламенттің 17.14.4-тармақшасының мақсаты үшін шарт бойынша қызмет көрсету тәртібі бойынша өзара түсіністіктің болмауы деп тұрақты негізде туындайтын, бизнес-процестер бойынша келіспеушіліктерге әкеп соғатын және соның салдарынан жұмыскердің немесе тұтастай бөлімшенің үздіксіз жұмысының бұзылуына, қосымша жұмыстың пайда болуына, оларды талқылауға басшылықтың тартылуына, мемлекеттік органдарға негізсіз арыздардың, шағымдардың, өтініштердің қалыптасуына әкеп соғатын жағдайлар түсініледі.

## **18. Номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты ақпаратты**

### **Клиентке жеткізу**

- 18.1. Брокер әр Клиенттің дербес шоттары бойынша есептік күнгі жағдай бойынша және Брокерлік шартта (номиналды ұстау туралы шартта) көзделген кезеңділікпен және мерзімдерде есептік кезеңдегі бағалы қағаздар мен ақшаның қозғалысы туралы дербес шоттың тарихы бойынша үзінді көшірмелер қалыптастырады.
- 18.2. Дербес шоттан үзінді көшірме және бағалы қағаздар мен ақшаның қозғалысы туралы дербес шоттың тарихы Клиентке Брокерлік шартта (номиналды ұстау туралы шартта) белгіленген тәртіппен жіберіледі.
- 18.3. Номиналды ұстау қызметін көрсету барысында Брокер Клиенттердің алдында номиналды ұстауға берілген қаржы құралдарына қатысты ақпаратты ашады.
- 18.4. Брокер уәкілетті органнан, орталық депозитарийден, AIX CSD, тіркеушіден, эмитенттен және/немесе кастодиан-банктен тиісті хабарламаларды алғаннан кейін күнтізбелік үш күннің ішінде номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты ақпаратты (мысалы, бағалы қағаздарды үшінші тараптардың бұғаттауы және бағалы қағаздар эмитенттерінің корпоративтік әрекеттері туралы) клиенттерге жеткізеді, оған ҚР заңнамасында көзделген жағдайлар қосылмайды.  
Егер Брокердің Клиенттен алған ақпаратына сай қандай да бір іс-әрекеттер жасау (оның ішінде дауыс беруге қатысу, бұйрық беру, нұсқаулықты толтыру және т.б.) талап етілсе, Брокер өз хабарламасында бұл туралы Клиентке нұсқайды. Бұл ретте Клиент талап етілетін әрекетті Брокер көрсеткен мерзімде және тәсілмен жасауға міндеттенеді.

## **19. Ақпараттық қызмет көрсету**

- 19.1. Брокер Клиентке инвестициялық кеңес беру қызметін көрсетпейді. Номиналды ұстау аясында Клиенттің дербес шоты бойынша ақпараттық операцияларды жүргізуді қоспағанда, ақпараттық (талдау, кеңес беру) қызметтер көрсеткен кезде Брокер, оның пікірінше, ақпараттық сипаттағы сенімді дереккөздерден алынған жалпыға қолжетімді деректерді пайдаланады. Брокер мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес. Брокер ұсынатын кез келген ақпаратты Клиент тек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. Брокер

- мұндай қызметтерді көрсеткені үшін ақы алмайды.
- 19.2. Клиент Брокерлік шарт жасасу арқылы Брокерден, оның ішінде ақпараттық қызмет көрсеткен кезде қандай да бір ақпаратты алғанына немесе алмағанына қарамастан, барлық инвестициялық шешімді өз бетінше қабылдайтынын және мұндай шешімдердің немесе олардың салдарының қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететінін мойындайды.
  - 19.3. Брокер клиенттік тапсырыстарды немесе Клиенттен алынған тапсырмаларды орындайды және Брокер ұсынған ақпараттың негізінде, оның ішінде ақпараттық (талдамалық, кеңес беру) қызметін көрсеткен кезде Клиент қабылдаған инвестициялық шешімдердің нәтижесі үшін жауапкершілік көтермейді.
  - 19.4. Брокер табыс алуға кепілдік бермейді және Клиенттің Брокерлік шартты орындау кезінде, оның ішінде ақпараттық (талдамалық, кеңес беру) қызметтер көрсету кезінде Брокерден алынған ақпаратқа сүйене отырып, сатып алатын немесе сататын қаржы құралдарына инвестициялаудан түскен табысына қатысты қандай да бір сенімділік бермейді.
  - 19.5. Клиент Брокерден алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға ашқан кезде Клиент Брокерді осы ақпараттың дереккөзі ретінде көрсетпеуге міндеттенеді. Брокер Клиенттің және аталған үшінші тұлғалардың Брокер Клиентке ұсынған мәліметтерді пайдалануы салдарынан Клиентте немесе өзге де тұлғаларда туындауы мүмкін залал, шығын, шығыс және өзге де жағымсыз салдар үшін жауапкершілік көтермейді.
  - 19.6. Брокердің ақпараттық (талдау, кеңес беру) қызметтерін көрсетуі қандай да бір қаржы құралдарының, өнімдердің немесе қызметтердің жарнамасы немесе бағалы қағаздар нарығында операцияларды жүргізуге ұсыныс, міндеттеме, ұсыным, ынталандыру болып табылмайды. Брокер осылайша өзіне қандай да бір қаржы құралдарын сату немесе сатып алу, қаржыландыруды тарту, сенімгерлік басқару, Клиенттің қаржы құралдарына қатысты брокерлік операцияларды жүргізу бойынша міндеттемелер жүктемейді.
  - 19.7. Брокер ақпараттық (талдау, кеңес беру) қызметтер көрсетіп, тиісті материалдарды, түсініктемелер ұсыну мен кеңес беру кезеңділігін, олардың көлемін, сондай-ақ оларға қатысты Брокер осындай қызметтер көрсететін қаржы құралдарының түрі мен құрамына және осындай қаржы құралдарымен операцияларға қойылатын талаптарды өз бетінше айқындайды. Брокер өз қалауы бойынша, егер Брокерлік шартта өзгеше көзделмесе, Клиентке мұндай қызметтерді көрсетуден бас тартуға, сондай-ақ кез келген уақытта Клиентке мұндай қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.
  - 19.8. ҚР заңнамасын, атап айтқанда, бағалы қағаздар нарығында бағаларды манипуляциялауға және инсайдерлік ақпаратты пайдалануға жол бермеуге бағытталған талаптарды сақтау мақсатында Брокер мәмілелер жасауға клиенттік тапсырыстарды қабылдауға шектеулер белгілеуге құқылы. Мұндай шектеулер, атап айтқанда, орташа нарықтық бағадан (ағымдағы баға, соңғы мәміле бағасы немесе орташа алынған баға) айтарлықтай ерекшеленетін баға бойынша мәмілелер жасауға арналған клиенттік тапсырыстарға қолданылуы мүмкін. Клиент Брокерде осындай құқықтың бар екенімен келіседі және аталған шектеулерді сақтауға, сондай-ақ Брокердің сұратуы бойынша кез келген ақпарат пен құжаттарды беруге және осындай шектеулердің сақталуын тексеру үшін қажетті жәрдем көрсетуге міндеттенеді.
  - 19.9. Брокер қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелердің параметрлері (бағасы, көлемі және басқа да ықтимал параметрлері) туралы анық емес немесе жаңылыстыратын мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жарияламайды немесе басқаша таратпайды.
  - 19.10. Бұқаралық ақпарат құралдарында немесе өзге де жолмен өз қызметі туралы хабарландырулар жарияланған кезде, Брокер өзінің толық атауын, сондай-ақ Брокерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның берілген күні мен нөмірін көрсетеді. Брокер жарнамалық ақпаратты Қазақстан Республикасының Жарнама туралы заңнамасының талаптарына сәйкес таратады.

## **20. Уәкілетті орган мен Клиенттердің алдындағы Брокердің ақпараттық міндеттері**

- 20.1. Брокер тұлғаның Брокермен шарттық қатынастарға түсу ниетін іске асыру немесе осындай қатынастарды сақтау үшін маңызды ақпаратты ашады. Клиенттерге, сондай-ақ Брокермен шарттық қатынастарға түсуге ниет білдірген тұлғаларға оңай қолжетімді жерлерде, оның кеңсесінің үй-жайында бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген

лицензияның нотариат куәландырған көшірмесі орналастырылады.

- 20.2. Брокер Клиенттің, сондай-ақ шарттық қатынастарға түсуге ниет білдірген тұлғаның бірінші талабы бойынша Клиенттің, сондай-ақ Брокермен шарттық қатынастарға түсуге ниет білдірген тұлғаның талабын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде танысу үшін Брокердің ішкі құжаттарын:
  - 20.2.1. Брокердің оларға қызмет көрсету тәртібін реттейтін ішкі құжаттарын;
  - 20.2.2. Брокердің Клиенттермен жұмыс жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшесінің байланыс деректерін ұсынады.
- 20.3. Брокер Клиентке, сондай-ақ Брокермен шарттық қатынастарға түсуге ниет білдірген тұлғаға 20.2-тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерін беруден бас тарта алмайды. Брокер мұндай көшірмелерді бергені үшін оларды дайындауға жұмсалатын шығыс мөлшерінен аспайтын мөлшерде ақы алуы мүмкін.
- 20.4. Брокерлік шартты жасасу және орындау барысында Брокер:
  - 20.4.1. мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндіктері мен фактілері туралы Клиентке хабарлайды. Бұл ретте Брокер Клиентке қаржы құралдарымен мәміле жасауға, егер мұндай мәмілені орындау мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқтырса, кеңес бермейді. Аталған талап бұзылған жағдайда, Брокер осындай бұзушылықтың нәтижесінде келтірілген залалды және Брокерлік шартта белгіленген тұрақсыздық айыбын Клиентке өтейді;
  - 20.4.2. соңғы қатарынан күнтізбелік 12 айдың ішінде уәкілетті органның Брокерге қолданған әкімшілік жазаларын қоспағанда, санкциялар туралы Клиентке хабарлайды. Әкімшілік жаза түріндегі санкциялар бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауды аяқтаған күннен бастап қатарынан соңғы күнтізбелік 12 айдың ішінде Брокерге әкімшілік жаза қолдану туралы мәліметтер беріледі.
- 20.5. 20.4-тармақта көзделген хабарламалар жазбаша түрде ресімделеді, Брокердің шығыс құжаттамасының журналдарында тіркеледі және Клиентке поштамен және/немесе арнайы апарушымен және/немесе электрондық поштамен және/немесе факсимильді және/немесе телекс және/немесе телеграф хабарламасымен немесе байланыстың өзге де ықтимал түрлерімен жіберіледі және/немесе осындай хабарламаларды жіберуге негіз болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Брокердің интернет-ресурсында орналастырылады.
- 20.6. Сондай-ақ Брокер осы Клиенттің есебінен және оның мүддесі үшін жасалуы болжанатын қаржы құралдарымен жасалатын мәмілеге қатысты ҚР заңнамасында белгіленген шектеулер мен ерекше жағдайлар туралы Клиентке хабарлайды. Мұндай хабарлама жазбаша түрде ресімделеді, Брокердің шығыс құжаттамасының журналдарында тіркеледі және поштамен және/немесе арнайы апарушымен және/немесе электрондық поштамен және/немесе факсимильді және/немесе телекс және/немесе телеграф хабарламасымен немесе осындай хабарламаны жіберу негізі туындаған күні байланыстың өзге де ықтимал түрлерімен жіберіледі.
- 20.7. Брокердің қосымша ақпараттық міндеттері осы Регламентте ретімен көрсетілген. Сонымен қатар Брокерлік шарттың тараптарының келісімімен Брокердің өз Клиенттерінің алдында ақпаратты ашу бойынша қосымша міндеттері және/немесе осындай ақпаратты ашудың қосымша тәсілдері белгіленуі мүмкін.
- 20.8. Брокер Брокерлік шартқа сәйкес жасалған және оған қатысты ҚР заңнамасында осындай мәміле жасалған күннен кейінгі күннен кешіктірмей шектеулер мен ерекше талаптар белгіленген бағалы қағаздармен жасалған мәміле туралы уәкілетті органға хабарлайды.
- 20.9. Егер Клиенттің есебінен және мүддесінде жасалуы болжанатын не Клиенттің тапсырысы негізінде жасалған мәміленің шарттары «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңының 56-бабында белгіленген шарттарға сәйкес келсе, Брокер Клиентке осы Регламенттің 20.6-тармағында аталған хабарламаны жіберген кезде осы хабарламаның көшірмесін уәкілетті органға жібереді.

## **21. Брокердің лицензиясын тоқтата тұрған не одан айырған кезде әрекет ету тәртібі**

- 21.1. Лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған не одан айырылған жағдайда, Брокер уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде бұл туралы:
  - 21.1.1. өз Клиенттеріне жеке хабарлама жіберу және Клиенттерге оңай қолжетімді жерлерде (Брокердің үй-жайларында, сондай-ақ корпоративтік веб-сайтта) тиісті

- хабарландыруларды орналастыру не лицензиядан айыру себебі бойынша Брокерлік қызмет көрсету туралы шартты бұзу туралы хабарлама жолдау арқылы;
- 21.1.2. орталық депозитарийге және Брокердің номиналды ұстау шоттары ашылған кастодиандарға хабарлайды.
- 21.2. Лицензиядан айырылған жағдайда, Брокер активтерді уәкілетті органның хабарламасын алған сәттен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде Клиенттің бұйрығы негізінде тіркеушіге немесе жасалған шарт болған кезде жаңа Брокерге және (немесе) дилерге береді және тиісті хабарландыруды Клиенттерге оңай қолжетімді жерлерде (Брокердің үй-жайларында) орналастырады.
- 21.3. Брокердің лицензиясы тоқтата тұрылған не одан айырылған жағдайда, сондай-ақ Брокер лицензияны ерікті түрде қайтару туралы шешім қабылдаған жағдайда, ОД (кастодиан) Брокердің не оның Клиентінің бұйрығы негізінде Брокердің шотынан бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығарады, оның бағалы қағаздары (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) ОД-ның (кастодианның) есепке алу жүйесіндегі қосалқы шотта есепке алынады.
- 21.4. Брокер лицензиясының қолданысы тоқтатылғаннан кейін дербес шоттар бойынша операцияларды жүргізу заңсыз болып табылады және ақпараттық операциялар мен РЕПО жабу операцияларын қоспағанда, ҚР заңнамасында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.
- 21.5. Брокер ай сайын әр айдың онынан кешіктірмей (лицензияның қолданысы қайта басталған не лицензияны тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Брокердің жүргізген іс-шаралар туралы уәкілетті органға хабарлайды.
- 21.6. Сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде «тікелей» тәсілмен жүзеге асырылатын РЕПО операциялары, егер Брокердің Клиенті өзімен жасалған шарттың негізінде ОД есепке алу жүйесінде жаңа номиналды ұстаушыда ашылған өзінің қаржы құралдарын өзінің қосалқы шотына аударуға бұйрық бермесе, Брокер лицензиясының қолданысы тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жабылады. Брокердің лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған жағдайда, «автоматты түрде» тәсілмен жүзеге асырылатын РЕПО операциялары мәміле жасасқан мерзімдерге қарамастан, жасалған шарттың талаптарына сәйкес жабылады. Тараптардың келісімімен «автоматты түрде» тәсілмен жүзеге асырылатын РЕПО мәмілесін мерзімінен бұрын бұзуға болады.

## 22. Андеррайтинг қызметін көрсету

- 22.1. Бағалы қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның негізінде Брокер Клиенттің бағалы қағаздары бойынша Андеррайтер ретінде өз бетінше де, эмиссиялық консорциум құрамында да әрекет етуге құқылы.
- 22.2. Эмиссиялық консорциумға қатысушылардың арасындағы өзара қарым-қатынастар ҚР қолданыстағы заңнамасымен, атап айтқанда, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңымен, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын, Брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы» 03.02.2014 ж. № 9 қаулысымен реттеледі.
- 22.3. Брокер мен бағалы қағаздар эмитентінің арасындағы қатынастар андеррайтинг қызметін көрсетуге арналған шартпен реттелуге тиіс.
- 22.4. Корпоративтік қаржыландыру бойынша функцияларды жүзеге асыратын бөлімше андеррайтинг қызметін көрсетуге арналған шарт жасасуға және орындауға жауапты Брокердің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
- 22.5. Тараптардың андеррайтинг қызметін көрсетуге арналған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсатында Клиент Брокермен Брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасасады, оның аясында Брокердің жүйесінде оған дербес шот ашылады.
- 22.6. Клиентке ашылған дербес шотқа қызмет көрсету онымен жасалған Брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарттың, осы Регламенттің және ҚР қолданыстағы заңнамасының негізінде жүзеге асырылады.
- 22.7. Бағалы қағаздар эмитенті мен Брокердің арасындағы шарт эмиссиялық бағалы қағаздар

шығарылымын орналастырудың мына тәсілдерінің бірін белгілей алады:

- 22.7.1. «ең жақсы күш-жігер» тәсілі, ол бойынша Брокер эмитентке осы шығарылымды толық орналастырмау тәуекелін жүктеп, инвесторды ұсыну арқылы эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын орналастыру бойынша ол үшін мүмкін болатын күш-жігерді жұмсауға міндеттенеді;
- 22.7.2. бағалы қағаздар эмитенті мен Брокердің арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын орналастырудың өзге тәсілі.
- 22.8. «Ең жақсы күш-жігер» тәсілін пайдаланған кезде Брокер бағалы қағаздарды номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің дербес шотынан бағалы қағаздарды орналастырады.
- 22.9. Брокер эмитенттен орналастырылатын бағалы қағаздардың бір бөлігін сатып алатын шарттың талаптарына сәйкес бағалы қағаздарды орналастырудың өзге тәсілін пайдаланған кезде осы бағалы қағаздар Брокердің өзінің бағалы қағаздарын есепке алуға арналған және бағалы қағаздарды номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған дербес шотына есепке алынады.
- 22.10. Шарттың талаптарына сәйкес бағалы қағаздарды орналастырудың өзге тәсілін пайдаланған кезде (ол бойынша Брокер эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру бойынша ол үшін барлық ықтимал күш-жігерді жұмсауға міндеттенеді) осы бағалы қағаздар бағалы қағаздарды номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің дербес шотынан орналастырылады.
- 22.11. Бағалы қағаздарды өзге тәсілмен орналастыру осы тармақтың талаптарын ескере отырып, бағалы қағаздар эмитенті мен Брокердің арасында жасалған шарттың талаптарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
- 22.12. Егер бұл бағалы қағаздар эмитенті мен Брокердің арасындағы шарттың талаптарына қайшы келмесе, Брокер эмиссиялық консорциум мүшелері болып табылмайтын (егер бағалы қағаздар шығарылымын орналастыруды эмиссиялық консорциум жүзеге асырса) орналастырылатын шығарылымның бағалы қағаздарын сатуға басқа Брокерлерді (осындай мемлекеттердің бағалы қағаздар нарықтарында Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті шетелдік ұйымдар) тартуға құқылы.

### **23. Маркет-мейкер қызметін көрсету**

- 23.1. Маркет-мейкер қызметін көрсетуге арналған шартты жасасар алдында Брокер Клиентті қызмет көрсету жағдайларымен, шарттың талаптарымен және Брокердің тарифтерімен таныстырады.
- 23.2. Маркет-мейкер қызметін көрсетуге арналған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсатында Брокер Клиентпен Брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасасу қажеттілігін қарастырады, оның аясында Брокердің жүйесінде оған дербес шот ашылады.
- 23.3. Клиентке ашылған дербес шотқа қызмет көрсету онымен жасалған Брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау бойынша қызмет көрсету туралы шарттың, осы Регламенттің және ҚР қолданыстағы заңнамасының негізінде жүзеге асырылады.
- 23.4. Маркет-мейкер қызметін көрсетуге арналған шарттың аясында Брокер белгілі бір уақыт кезеңі ішінде Клиенттің есебінен және оның мүддесі үшін қор биржасының сауда жүйесінде Клиенттің бағалы қағаздары бойынша маркет-мейкердің екіжақты баға белгілеуін жариялауға және қолдауға, сондай-ақ шартта және сауда-саттықты Ұйымдастырушының талаптарында белгіленген маркет-мейкердің міндеттерін орындау міндеттемесін өзіне қабылдайды.
- 23.5. Бұл ретте маркет-мейкер қызметін көрсетуге арналған шартта Клиенттің өзінің дербес шотында Брокердің маркет-мейкер қызметі міндеттерін орындау үшін қажетті көлемде бағалы қағаздар мен ақшаның кемімейтін қалдығының болуын қамтамасыз ету міндеті көзделуге тиіс. Бағалы қағаздар көлемінің және ақша сомасының талаптары маркет-мейкер қызметін көрсетуге арналған шартта айқындалады.
- 23.6. Брокер маркет-мейкер қызметін тек Клиент ұсынатын тапсырыстардың негізінде, онда көрсетілген баға параметрлеріне қатаң сәйкестікте көрсетеді. Бұл ретте баға параметрлері мен осындай тапсырмаларда көрсетілген өзге де шарттар ҚР қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушының талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

#### **24. Қорытынды ережелер**

- 24.1. Клиенттердің өтініштері мен шағымдарын қарау тәртібі ҚР нормативтік құқықтық актілерімен, Брокердің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.
- 24.2. Осы Регламент жылына кемінде бір рет тексерілуге тиіс, осы Регламентте реттелмеген мәселелер ҚР қолданыстағы заңнамасына және Брокер мен Клиенттің арасында жасалған шартқа сәйкес шешілуге тиіс.
- 24.3. Осы Регламент бекітілген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі және Брокерлік қызметті жүзеге асырудың бұрын қабылданған барлық регламентінің күші жойылады.